



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Мангистауская область

1. Адилханова Ұлжан.....	2
2. Алибай Алуа	4
3. Алпысбаева Диана	6
4. Амрин Нұрсұлтан	8
5. Ахмерова Аниса.....	9
6. Байжанова Айда	12
7. Батырбек Мөлдiржан.....	14
8. Бейсенбі Толғанай.....	16
9. Беспаета Аружан	18
10. Ермекова Дилнар	19
11. Егинбаева Айдана.....	21
12. Жеңіс Бақұстар.....	24
13. Қайрбек Айдана.....	25
14. Қайырбаева Жәмила	27
15. Макешова Адель	29
16. Мейрам Айнұр	32
17. Нуртазина Назгүл.....	34
18. Октябрыт Гүлден	36
19. Оразбай Ерқанат.....	39
20. Сарсенбаева Аружан	42
21. Төкен Ақерке.....	45
22. Түлегенова Дильназ	46
23. Умарова Карина.....	48
24. Хуаныш Бақытгүл.....	51
25. Чиркова Альбина	51
26. Шайкенова Нұрсауле.....	54

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Адилханова Ұлжан

6-сынып, №10 жалпы білім беру орта мектебі
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Батыр селосы
Жетекшісі: Таңбаева Гульшат Жанбырбайқызы
e-mail: gulshat_tanbaeva@mail.ru
мектеп эл.почтасы: batur10mektep@mail.ru

Елімнің патриоты болу – азаматтық борышым!

*«Біздің балаларымыз бен немерелеріміз
сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді
артық көретіндей, өйткені өз жерінде өзін жақсы
сезінетіндей болуға тиіс.*

*Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз
жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс»*

Н.Ә.Назарбаев

Ұлы Дала!

Осынау арқасын кеңге жайып, сайын даланың төсінде еркін өскен қазақ жұртының жайы бүгінде мамыражай, бейбіт. Қазақ халқының қанындағы қонақжайлық қасиеті іспетті, оның қазіргі құшағы да кең, ашық. Мен осындай елдің азаматы бола тұра кеудемдегі алаулаған сезімімді, жалындаған жалынымды неге сездірмеске, неге мақтанып, марқайып көсілмеске?!

Сонау көне заманнан еліміздің ержүрек асыл ерлері «түн қатып жүріп, түс қашпай» ат үстінде ұйықтамай елі үшін жанын берген. Тұс-тұстан аузын арандай ашып анталаған жауларын ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, елінің келешегін, ұрпағының болашағын бағамдап, еңселі ел болуды аңсаған. Аузындағы дуалы сөздерімен еліміздің еңсесін тіктеген, алмас қылыштай өткір де өтімді сөздерімен елдің бірлігін, ынтымағын сақтаған даналарымыз да, шешендеріміз де, билеріміз де мәңгілік еліміздің сарқылмас дариясы! Даналықтың дара тұлғалары Абай, Мұхтар, Шәкәрім сынды аталарымыз - қалың жұрттың қамын ойлап, әділдіктің ақ кемесінде қалықтаған қасиетті ұлы тұлғалар. Одан беріде, Алаш қайраткерлерінің ұлтжандылығын, өз ұлтының мәдениетін, тілін, әдебиетін өзінен бұрын қойып, «тар жол тайғақ кешті» жолмен күн кешіп, надандықтың бұлтын сейілткен Мағжан, Сәкен, Міржақып, Ілияс, Ахмет, т.б. қайталанбас өр тұлғаларымыз - бәрі де өз халқының жанашырлары.

Қазақ елінің егемен елдігін, тәуелсіз теңдігін арман еткен ата-бабаларымызды еске алмай кету – азаматтық арымызға басылған қара таңбамен бірдей.

Ата-бабам аңсап кетті елдікті,

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ардақты ерлер үлгі етті ерлікті.
Арман – қиял ұласқандай шын бүгін,
Асқақ елміз, егеменді ел мықты.

Ақ Ордамның Астанасы келбетті,
Ақ бесігін ынтымақтың тербетті.
Азаттықтың бәйтерегі төрімде
Алашымның айбынымен орнықты.
Аман сақтап ата салтын ардақты,
Арын сақтап алтындайын салмақты.
Ардақ тұтып қастерлейік, жас ұрпақ,
Аманатын кие санап әруақты.

Арайланып таңым атты шуақты,
Адуынды болды елім қуатты.
Ашық аспан аясында мына біз,
Алақайлап қуанамыз бақытты.

Алаулаған алау сезім ерікті,
Ақ желкенім көк теңізде желікті.
Азаматтық борышым деп білемін,
Асқан елдің патриоты жүректі.

Патриот болу – азаматтың Отанына, туған жеріне, тіліне, дініне, салт-дәстүріне, ұлтына деген сүйіспеншілігі. Сонау атадан балаға мұра болып келе жатқан жәдігерлерімізді, рухани байлығымызды, ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтау - келешек ұрпақ, мына біздің, қолымызда. Сондықтан да қашанда «елім үшін қызмет етемін» дегеннен тайынбайтын темірдей тәртіп керек. «Тәртіпке бағынған құл болмас» деп Бауыржан атамыз айтқандай өнегелі де өрелі, көреген де білгір, тәрбиелі де тәлімі мол болу – ел үшін де, отбасы үшін де, жер үшін де қадірлі.

«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда», бейбіт күннің, ашық аспанның астында бақытты ғұмыр кешудеміз. Ата – бабамның жері үшін жанын қиғаны секілді біздер де Отанның шаңырағын биік, керегесін кең, терезесін тең етуге, ымырашылдықпен іргесін сөгіп алмауға міндеттіміз.

Ертедегі ғұлама Рашид-әд-дин атамыз: «Тыныш кезде бұзаудай момын бол, ұрыс кезінде аш қасқырдай шап!» - деген екеналғанда аш қасқырша шабатын айбынды азамат болайық, жастар!!!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Алибай Алуа

10 сынып, «Абай атындағы жалпы
білім беретін орта мектебі» КММ,
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы
Жетекші: Нуркешова Гульжан Оразбековна
e-mail: nurkeshova.gulzhan@mail.ru

Тәуелсіз ел – болашақ кепілі!

**«Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба
жолымен алдық деп ойлаймын»
Н.Ә. Назарбаев**

1991 жыл — еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы — қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан — тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. «Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 25 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» — деп Елбасымыз айтқандай, егемен Қазақстанды бүгінде барша әлем танып отыр. Тәуелсіздік алғандағы алғашқы әрекеттердің арасында мемлекетіміздің ұлттық валютасы — теңгені енгізу, көршілес мемлекеттермен шекараны белгілеп алу, Конституциямызды бекіту бар еді. Ата Заңымызға сәйкес Қазақстан және қазақстандықтар ешкімнің жеріне көз салмайды, бірақ өз жерінің бір сантиметрін де ешкімге бермейді. Мұндай істердің орындалуы — ерекше тарихи жетістік. Айта берсек 25 жылда жеткен еліміздің жетістігі өте көп. Дегенмен, бұл жетістіктерге жетуде еліміз көп қиыншылықты көргенін ұмытпағанымыз жөн.

Өз басым тәуелсіздіктен кейін туылған буынның өкілі бола тұра, бұл Егемендіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік — ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күнге дейін жеткен

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталатыны рас. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға хан-сұлтандар, батырлар, қарапайым халықтың өзі де жандарын пайда еткен. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ – студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік — барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі — ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі.

Қазақстан — қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Алпысбаева Диана

8 сынып, Новомир ЖББОМ

Церковный селосы,

Железин ауданы, Павлодар облысы

Жетекшісі: Шарипов Қуанышбек Жәнісович

Телефон: 41756

Тәуелсіздік – деп соғады жүрегіміз!

...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.

Н.Назарбаев

Күллі әлемдегі адамзат баласы, жер бетінде тіршілік еткен және де тіршілік етіп келе жатқан әрбір пенде, әрбір қауым өз тәуелсіздігін аңсайды, егеменді ел болуды, дербес мемлекет ретінде танылуды әркімнің-ақ арманы емеспе.

Адамзат жиыrmасыншы ғасырдың табалдырығын неше түрлі әлеуметтік қиыншылыққа ұрынып, еліре қадам басыпты ғой. Енді сол өткеннің бәрі су сепкендей басылды. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық. Бұған жеткен де бар, жетпеген де бар. Өйтіп, біреуді көріп шүкір етіп, біреуді көріп пікір ету үшін де өткенге ой, бүгінге көз жіберуге тура келді. Ол үшін, ең алдымен, бір сауалға – бұл күнге қалай жеттік? – деген сауалға жауап іздеуіміз қажет сияқты. Егер біз сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен көз жүгіртіп байқасақ, ежелден-ақ ата-бабаларымыздың өз жерін ешбір жауға алдырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге батырлық ерлігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Қазақ тарихында Отанымызды қорғаған сақ патшасы Томиристей, Кенесары ханның қарындасы Бопай ханым секілді т.б. қазақ қыздары қолдарына найза алып, жауға қарсы ұмтылған, тәуелсіздік жолында жанын ту еткен ержүрек батыр қыздарымызды келер ұрпақ ұмытпағаны жөн секілді ғой. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» — деп қыздарға сеніммен арқа сүйеген де, шашын төбесіне түйіп жауға шапқан, ержүрек батыр қыздардың Қазақ топырағында болуы бізді зор мақтанышқа бөлейді. Сол аға-апаларымызды еске алсақ біз олармен мақтанамыз, ерліктеріне сүйсіне қараймыз. Осындай

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

сан белестерге төзіп өткен халқымыздың егеменді ел болып атанғанына – жаңа ғасырға аяқ басқалы жиырма бес жылдай уақыттың көлемі болып қалыпты. Бұл уақыт біреулер үшін аздық болар, бірақ Тәуелсіз Қазақстан ұрпағы үшін зор қуаныш, мол бақыт болып қаралатынына ешқандай күмән тудырмайтынына сенімім мол.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алароқиғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап, жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген, кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімізге, халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады. Алтай мен Атырау аралығын ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды... Осындай тарихи оқиғалар бірінен бірі өрби түсті. Тарихи оқиғаларды білу, түсіну, оқу қазіргі ұрпақтың міндеті болып табылады.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басын ала бере тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында күшейген Сталиндік әміршіл-әкімшіл жүйе қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін эксперименттер жасағанын бірінші кезекте айтар едік. XX ғасырдың басында Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Осындай азаттық күрестің басында халқымыздың ортасынан қайнап шыққан ірі-ірі тұлғалар болды. Солар көрсеткен үлгі, сеппен ұрық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табиғи түрде ауыса келіп, 1986 жылғы желтоқсанда жаңғыруына әкелді. Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Амрин Нұрсұлтан

5- сынып, Новомир ЖББОМ

Церковный селосы,

Железин ауданы, Павлодар облысы

Жетекшісі: Молдабаева Қымбат Бикеновна

Телефон: 41756

Туған жерге деген ықылас

Мен 5-сыныпта оқимын, озат оқушымын. Атым – Нұрсұлтан, есімімді әжем ырымдап қойыпты. Атыма лайық үлкен азамат болғым келеді. Өскенде, әжемнің ата-анамның үмітін ақтап, елбасы сияқты еліміздің өркендеуіне үлкен үлес қоссам деймін.

Біздің ел бірлікке де, тату-тәтті тірлікке де қол жеткізіп отыр. Бұның барлығы мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев еңбегінің жемісі. Мен егемен елде, тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмір сүріп жатқаным үшін мақтан етемін. Өйткені менің Отаным кең байтақ жерімен бүкіл Еуразияға танымал! Қазақстан – ежелгі ел. Біздің ата-бабамыз кең байтақ қорғағанын біз, жас ұрпақ, ұмытпауымыз керек.

«Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық», дейді қазақ халқым. Мен туған жерімді, Церковный ауылымды еш жермен тең көрмеймін.

Тәуелсіздікке қол жеткізген осынау жарқын күндерде менің туған өлкемде, байтақ Қазақстанда, бүкіл әлемде тек бейбітшілік болсын!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ахмерова Аниса

9 сынып, Новомир ЖББОМ

Церковный селосы,

Железин ауданы, Павлодар облысы

Жетекшісі Махметова Дария Қанатовна

Телефон: 41756

«Отан –анам.

Отаным, сенен аяр жаным жоқ,

сенен іскер күшім

жоқ...»

М. Әуезов

Әр адамның өмірінде туған жер киелі орын алады. Өз отанына, халқына махаббат сезімі балалық шақтан, отбасынан басталады. Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс күймейсін» деген сөзінде ерекше ыстық көңіл лебіз бар, өйткені отан барлығымыз үшін қасиетті ұғым, асыл, қымбат қазына. Қай елдің адамы болсын, өз Отанын дүниедегі ең қымбатты, ең қасиеттісі, ең аяулысы – Анасына теңейді. Ғаламындағы ғажап тіршілігінің қасиетті мекенін сүймейтін адам болмайды.

Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-ғасыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түсетін. Ал жиырмамыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына оннан астам мемлекет өсіп шықты. Солардың бірі Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар – Қазақстан Республикасы еді.

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығының түкпірінде орналасқан. Қазақстан батыста, солтүстік-батыста және солтүстікте Ресеймен, оңтүстікте, оңтүстік-батыста Орта Азия республикалары Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстанмен, оңтүстік-шығыста және шығыста Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы – 13034км. Қазақстан аумағының көлемі – 2 млн. 714,9 мың шаршы км. Оған Батыс Еуропаның Франция, Португалия, Испания, Италия, Греция, Норвегия және Финляндия мемлекеттері түгел сыйып кетер еді. Астанасы бүгінгі күні өзінің зәулім құрылысымен ғана емес, рухани да құндылықтарымен көркейіп келген Астана. Астана – әлем қала.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қазақстан татулықтың, достықтың, бірліктің киелі бесігі. Тілі, түрі, діні, бөлек болса да, жүрегі «Қазақ елім, Отаным, менің Қазақстаным» деп соғатын 130 ұлттан астам ұлт пен ұлыстан тұрады.

Жоғарыда айтылып кеткендей қазақ жерінің табиғаты өте сұлу. Аспанмен тілдескен мұзарт шыңдарды, тұңғиығы тұнжыраған жұмбақ көлдерді, шалқар теңізді, күні от шашқан шөлейтті, өзен, ну орманды көруге болады.

Қазіргі Қазақстан – егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Қазақстан жер көлемі жағынан Ресей, Қытай, АҚШ, Австралия мен Үндістаннан кейін алтыншы орын алады.

Тарих атасы Геродот «Өз туған жердің тарихын білмеген адам, өз болашағын білмес» деп бекер айтпаған. Өйткені әр адам өз туған жердің, елдің тарихын білуі керек. Ол әрқайсымыздың да парызымыз.

Қазақ батыр халық, ержүрек халық, намысшыл халық. Ел басына қиын – қыстау күн туғанда ерлері намыс отын жағып, туған топырағын қорғады. ХХ ғасырдың сүргінін бастан кешіп, жаңа мыңжылдықтың табалдырығын жаңғырған қалпында аттаған Қазақстан өзінің барша төлтума болмысын, жарқын мәдениетін, ғасырлар қойнауында қалыптасқан салт-дәстүрін, қызық та қилы-қилы тарихын әлем халықтарының алдына жайып салып, құлдығы мен зорлығы жоқ жаңа өмірді жаңғырту үшін, еңбек пен мәдениетті жарастыру үшін, сұлулық пен парасаттың салтанат құруы үшін, жаппай келісімі жарасқан адамзатпен бір сапта болу үшін жаңаша өмірге қадам басты.

Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолына жету үшін қазақ халқы біршама қиыншылықтарды көріп, азап шеккен. Еліміздің басынан азап та, аштық та, соғыс та өтті. Әсіресе, ХХ ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен тарих беттеріне жазылып, есте қалды. Атап айтсақ мың тоғыз жүз он алтыншы жылдағы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, Ұлы Отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне жазылмас ауыр жара салды. Қазақ халқымыз қанша және қандай қиыншылықты бастан кешіргенін ешқашан ұмытпауымыз керек. Себебі, бұл - тарих. Біздің жеріміздің парак беттерінде жазылған тарих.

Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Тәуелсіздік - ата бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Бұл арманға жету жолында, қазақ халқымыз аз емес қиыншылықтарды бастан кешірді. Мен тәуелсіздіктен кейін тудым, бірақ тәуелсіздіктің қандай жолмен келгенін білемін. Қазақ елім қаншама зардап шегіп, өз арманына жетті. Ұмытылмас оқиғалардың бірі, қайғы қасіретіне, сонымен бірге мақтанышына айналған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы еді. Қазақ жастары орталықтың бұрынғыша өктемдігіне келіспеушілігін білдіруге митингілер, шерулер өткізіп алаңға шықты. Алматыда, Талдықорғанда, Ақмолада, Орталық Қазақстанның бірнеше елді

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

мекендерінде тоталитарлық билік жүйесіне қарсы көтеріліп, өкіметке саяси талаптар қойды.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Байжанова Айда

ІІІ. Айманов атындағы жалпы орта білім беру
мектеп-интернатының 9ә-сынып оқушысы
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл селосы
Жетекшісі: Альжанова Кенжегуль Балтажановна

Мен - елімнің ерке қызымын!

Пай, пай, пай!

Киелі неткен жер!

Батырлар дүрілдеп өткен жер,

Ғашықтар бір-бірін тапқан жер,

Сарылып сал сері кеткен жер,

Бас иіп иіскеп топырағын,

Тағзым жасамай өтпендер! - деп М.Мақатаев айтқандай ең біріншіден
туған жерім Қазақстанға бас ием, осындай тамаша, тәуелсіз, болашағы жарқын
мемлекетте өмір сүріп жатқанымға мақтанамын. Ақиық ұлы ақынымыз:

«Ой-хой қазақ даласы, не көрмедің?!

Қанша қурап қанша көгермедің?!

Қорқыт ата қобызымен боздаттың ғой,

Асанның шерге толы өлеңдерің!

Ой-хой қазақ даласы не көрмедің?!» - деп жырлағандай қазақ
халқымыз, қалыптасуы жолында басынан талай қиыншылықты азапты
күндерді де кескілескен шапқыншылықтарды да бастан кешті. Білектің
күшімен, найзаның ұшымен аптық демі қалғанша қазақ жерімізді жауға
бермей бізге аманат қалдырған ата-бабамызға мың алғыс! Ұлы даланың ұлы
кемеңгерлерінің арқасында бақытты, уайым қайғысыз ғұмыр кешудеміз.

«Тәуелсіз Қазақстан!», осы тақырыпқа қарасам Отанымыздың тәуелсіз,
еркін мемлекет екенінің дәлелдемесі. Бүгінде біз тәуелсіз мемлекетте өмір
сүреміз. Көк туымыз желбіреп, сол жақтағы жүрегімізбен мақтаныш етіп
әнұранымызды асқақтай шырқаймыз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев
Қазақстанның 25 жылда биік тұғырға елеулі үлес қосты. Мен тәуелсіз елдің
патриотымын! Ешқандай қиыншылық көрмей жүргенімде ата-анамның
жүзінен бақыт, қуаныш көргенде мен көкірегімді керіп, «Мен Тәуелсіз елдің
патриотымын!» - деп айта бергім келеді.

Әрбір қазақ азаматының мұрагері өзің Қазақстан Республикасының
патриоты есептеуі керек. Патриоттық сезімді ең алғаш болып оятатын ол ата-
анасы. Әр ата-ана өзінің баласына әнұранын, мемлекеттік рәмізін не екенін,
Отанға деген сүйіспеншілікті үйрету керек.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Мен өз елімнің патриотымын, себебі мен Отанымды, туған халқымның тарихын, ана-тілін, салт-дәстүрін, Ата-Заңын құрмет тұтамын. Халқымның рухани құндылықтарын, мәдениетін, тілі мен дінің одан әрі жаңғырту жолында өз үлесімді қосамын. Өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ожданы жоғары намысқой азамат тәрбиелеуде еш аянып қалмасым анық. Барлық халық пен ұлт барлық және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүйуге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс деген еді ұлтымыздың мақтанышы, ұлы патриот атамыз Бауыржан Момышұлы. Бұл сөздің астарында өз ұлтынды ерекше сүй, сол арқылы өзге ұлтты сүйуге үйрен деген ой жатыр.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Батырбек Мөлдiржан

7 сынып, «Абай атындағы жалпы
білім беретін орта мектебі» КММ,
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы
Жетекші: Зупашева Айжан Амантаевна
e-mail: b-aijana@mail.ru

Тәуелсіздік – азаттығы!

*«Ей, намыстың найзағайдай ұлдары,
Қызыл тілін қылыш еткен қыздары!
Қанды тарих қалшып тұр мәңгіге,
Жанарында – Желтоқсанның ызғары».*
Ұларбек Нұрғалымұлы

Бүгінде біз қанатын кеңге жайған егеменді елміз! Аспанымыз ашық.

Тәуелсіздік туының желбірегеніне 25 жыл толды. Тәуелсіздік алу үшін қаншама адамның қаны төгілді. Тәуелсіздік үшін қазақ азаматтары жан аямай соғысты. Тіпті әйел адамдарда өздерінің әйел екендеріне қарамастан Отан үшін, Жер үшін жан берісті. Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары әрдайым жүрегімізде сақталады!

Бірінші хатшы Геннадий Колбин болатын. 1986 жылы қазақтың жүздеген студенттері мен жас жұмысшылары «Әр елге - өзінің көшбасшысы керек!» деген ұрандармен Тәуелсіздік адаңына шеруге шыққан еі. Кең байтақ дала адамдардың қып – қызыл қанына боянды. Әйелдер мен қыздарды қинап, жер аударды. Қайрат ағаларымыз бен Ләззат апаларымызды Колбинге қарсы шыққаны үшін қинап, өлтірді. Олар бүгінгі ұрпақ үшін өз өмірлерін құрбан етті. Мен оларды мақтан тұтамын. Ләззәт сияқты болғым келеді. Мен өскенде еліме өз үлесімді қосқым келеді, сабағымды жақсы оқып, озат оқушы болғым келеді. Біз ағаларымызбен, апаларымыздың арқасында бейбітшілікпен, тәуелсіздікте өмір сүріп жатырмыз. Оларға деген алғысымыз шексіз!

Қазақстан әлем бойынша 9 – орында. Тату – тәтті, тәуелсіз елміз! Жеріміз бай, табиғатымыз тамаша. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өз еліне ерен еңбегі сіңген, халқына қалаулы азамат! Ол кісі барлық ұлт - өкілдерімен жақсы қарым – қатынаста. Қазақстанда көптеген ұлт - өкілдері тұрады: өзбек, татар, украин және т.б. Қазақстанда адам саны 17 миллион. Қазақстанда әсем де, көрікті қалалар көп. Соның бірі - Астана Қазақстанның ең көрікті қаласы. Ал Семейде Абай Құнанбаев атамыз туып өскен, және де Абайға арналған: мұражайлар, кесенелер, ескерткіштер бар. Қазақстан барлық елдермен тату. Елбасының арқасында Қазақстан мемлекеті көркейіп, гүлденуде. Қазіргі

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

уақытта қазақ елі үздік 30 елдің қатарына енуді мақсат етуде. Елбасының Нұрлы Жолымен әр аймақ өздерінің жерлеріндегі жолдарды жөндеуде. Елордамыз Астана күн сайын өркендеп өсуде. Қазақстанның әр облысында достық үйі бар.

Қазіргі таңда туымызды көптеген спортшылар асқақтатуда. Геннадий Головкин, Қанат Ислам, Бейбіт Ыстыбаев, Илья Ильин және т.б..

Тәуелсіздік құрбандарының ескерткіштері барлық жерге қойылған. Олар бізге Тәуелсіздік сыйлады. Тәуелсіздік туралы теледидарда көрсетілді. Газеттерде, кітаптарда тәуелсіздік құрбандары туралы жазылған.

Тәуелсіздік – біздің басты байлығымыз. Қазақстанның басты байлығы – адамдары, жастары. Президентіміз жастарға сенеді. Болашақ жастардың қолында! Мен тәуелсіз елдің патриотымын!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бейсенбі Толғанай

7 сынып, «Абай атындағы жалпы
білім беретін орта мектебі» КММ,
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы
Жетекші: Зупашева Айжан Амантаевна
e-mail: b-aijana@mail.ru

Тәуелсіздік тәңірдің тартуы

Біз өз тәуелсіздігімізді 1991 жылғы желтоқсан айының 16-шы жұлдызында алдық. Сол тәуелсіздік үшін қаншама адамдар өмірлерін қиды, қаншама адам шеруге шықты, ақыры қазіргі президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұңғыш қазақ президенті болып сайланды. Қанша адамдар өз балаларының болашағы үшін күресті, қарсы шықты және жеңді. Біздің жүрегімізде желтоқсан құрбандары мәңгілік сақталып қалады. Оларды біз ешқашан ұмытпаймыз. Ол кісілер өмірден кетсе де, олардың ерліктері еш уақытта ұмыт болмайды. Олардың есімдері тарихта өшпестей орын алған. Қайраттай ағаларымызбен Ләззаттай апалардың ерліктері біздей келешек ұрпаққа үлгі. Сол адамдардай патриоттар қазіргі кезде саусақпен санарлық, өте аз. Олар туған жер, туған ел және Отан үшін қасық қандары қалғанша аянбай күресті. Аллаға шүкір қазір бізде бәрі бар. Қазақстан мемлекеті бай, қуатты және ең бастысы тәуелсіз. Егер де желтоқсан құрбандары тәуелсіздік үшін күреспесе біз әлі де Ресейге бағынышты болып жүрер едік, тәуелсіз мемлекет болмаушы едік. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әлі де ел басқарып келеді. Біздің желтоқсан құрбандарына деген алғысымыз, ризашылығымыз өте зор. Біз яғни қазақ елі өз патриоттарымызбен мақтанамыз. Желтоқсан құрбандары өте қайсар, батыл, батыр, ержүрек, қайратты, мықты жандар, жәнеде ғажайып жандар. Олар қазақ елін қазақ президент басқарғанын қалады. Сол адамдар қайсар жандар. Олар әділеттік үшін күресті, ақыры 1991 жылғы желтоқсан айының 16-шы жұлдызында әділеттік, қазақ жұрты тәуелсіз елге айналды.

Біз - Қазақстан мемлекеті - еркін ерікті тәуелсіз елміз. Биыл бодандықтан босағанымызға 25-жыл толады. Осы уақыт ішінде ешкімге жалтақтамай қазыналы жеріміздің байлығын игеріп әлемнің озық елдері қатарына теңелудеміз. Біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының сындарлы

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

саясатының аясында қазақ елі жыл сайын әлеуметтік экономикалық жаңғыру жолында дамып келеді. Біздің елдің бекіткен өз шекарасы бар. Көк туымыз биікте желбіреп, әнұранымыз әлемнің барлық елдерінде шырқалуда. Біздің елде 130-дан астам ұлт өкілдері бір шаңырақ аясында тату тәтті ғұмыр кешуде. Қазақ елінің қонақ-жайлылығына бүкіл әлем халқы таң қалуда. Біздің жерімізден мұнай, көмір, алтын т.б. көптеген қазыналар өндіріліп ел игілігіне айналууда. Бүкіл еліміз электр энергиясын пайдаланады, Қазақстан табиғаты өте сұлу өлке. Бізде ұшы қиыры жоқ дала дала да, биік таулары мен орманды алқаптары, өзендері мен көлдері жасыл желек тоғайы таза ауасы жанға шипа. Біздің әрбір қаламыз бен ауылымыздың өз қасиеті мен киесі бар. Менің туған өлкем Ақтоғай аймағы мен үшін ең әдемі, көрікті, жаныма сай, ауасы жұпар, халқы ақпейілді ұл-қызы саналы болғанына мақтанамын. Менің елімнің ең қымбат байлығы ол тәуелсіздігі. Елбасының «Мәңгілік ел» ережесі аясында «100-нақты қадам», «Қазақстан-2030» стратегиясын орындау жолында мен сабағымды жақсы оқып өскелең елімнің кірпіші болып қаланғым келеді. Менің арманым елдің тыныштығы, халықтың бірлігі заманның гүлденуі, Қазақстанның 30-елдің қатарына жетуі. Мен бақыттымын, өйткені менде бәрі де бар, мен ештеңеге алаңдамаймын. Тәуелсіздік жасай берсін.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Беспаева Аружан

5 – сынып, Қоскөл жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар облысы, Ертіс ауданы,
Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Беспаева Айсұлу Оразқызы
е – mail: taamb@mail.ru

Біз Тәуелсіздігіміздің жиырма бес жылдығын атағалы отырмыз. Бұл біз үшін ерекше мерейлі күн. Елімнің ертеңі үшін аянбай еңбек етіп, оқу оқып, білім игеріп, жас тәуелсіз мемлекетіміздің ірге тасының беки түсуіне өз үлесімді қосқым келеді. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі болғай!

Елім менің

Елім менің алтын діңгек тірегім,
Саған деген махаббатқа толы жүрегім.
Туған жерім - тәуелсіз Қазақстан бесігім,
Өркендету сені - басты арман - тілегім.
Тәуелсіздік - бақыты бұл қазақтың,
Тәуелсіздік - жойылуы азаптың.
Мұратына жеткізе бер халықты,
Асқақтатып ырыс – құтын елімнің.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ермекова Дилнар

7 «А» сынып, Федоровка ОЖББМ,

Качир ауданы, Павлодар облысы

Жетекші: Алтынгужинова Гүлмира Бекешевна.

e-mail: agulmira.75@mail.ru

Тәуелсіздік – сан ғасырлық тарихы бар,
Қазақстан – бұл азат ел танысыңдар.
Көк байрағы, Елтаңба, Әнұраны,
Қазақ елі егемен, сан ұлты бар.

Осыдан жиырма бес жыл бұрын талай ғасырлардың қыл-көпірінен аман өткен қазақ халқының жалғыз Отаны – Қазақстан көрінгенді көзге іле бермейтін тәкаппар, сұлулығы мен сұстылығы бірдей әлем алдында Тәуелсіздігін жариялады. Дүрбелең кезеңде Еуразияның қақ төрінде өз орнын ойып, дербестігін алған мемлекет Қазақстан Республикасы - бүгінде әлемде сөйлесе сөзі, істесе – ісі үдеге асып тұрған ықпалды, тұғырлы мемлекетке, ал Ел мен Елбасы бөлінбейтін егіз ұғымға айналды. Аз уақыттың ішінде Қазақстан сияқты жас мемлекеттің айтулы жетістіктер мен айбынды шындарға жеткені қазақ елінің ұлы көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың келелі саясатының арқасы екендігі ақиқат. Бүгінгі таңда елбасының ел үшін атқарған ісін, жеке үлесінің біздің өлшемімізден әлдеқайда биік екенін, тіпті әлемдік деңгейдегі сарабдал саясатшылар мен сарапшылар өздерінің оң бағасын беріп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты салиқалы саясаткер ретінде мойындады. Шындығында да осы күнге дейін Қазақстанның сара жолын ел басшысыз елестету мүмкін емес.

Тәуелсіздік – бабалардың ұраны,
Бейуақытта бойға таққан тұмары.
Тәуелсіздік – түнектерде тұншығып,
Ызғар ұрып, жанбай қалған шырағы.

Қазақ халқы осы күнге жеткенше үш жүз жылға жуық бодандықтың бұғауында, жетпіс жылдан аса кеңестік кезеңнің шырғауында болды. Егемендік пен тәуелсіздік қазақ халқымыз үшін басқа қонған бақ. Бақты бағалаған халықты бастайтын тақ иесі де болуы тиіс. Бұл ежелден келе жатқан өмір заңы. Осыған байланысты ата тарихты ақтарсақ, ежелден ел басқарған ер жүрек батыр бабаларымызды, ұлы хандарды кездестіруге болады. Күллі қазақ халқын өз туының астына жинап, үш жүздің басын қосқан Абылай ханды, елінің азаттығы үшін тер төккен Кенесарыны атасам, тәуелсіздік алғаннан соң халықтың басын біріктіріп, өз алдына ел қылуда Нұрсұлтан Назарбаевта қазақ

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

мемлекетінің тұңғыш Елбасы болды. Кемеңгер көреген басшының бастауымен елім елдігін көрсетті, күллі әлемге танылды.

«Өткенді білмей, келешекті болжау қиын» деп Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, осындай қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кезге халық қалай жетті? Оның жауабы тұнығы мен тұманы қабаттасқан тарихтың тұңғышымен тамырласып жатыр. Еуразия кіндігінде мекен еткен көшпелілер тағдыры, тайпалық, рулық кезеңдер, хандық дәуір, патшалық отарлау, кеңестік сана, егемендік пен ұлттық тұтастық – осылардың барлығы біздің басымыздан өткен кешегі күннің өшпес іздері.

Тарихқа көз салсақ, қазақ халқын құраған бірлестіктер ежелгі ғұн, сақ, түрік дәуірінде-ақ тәуелсіздігін нығайту үшін күресіп өтіпті. Ол дәуірдегі бабаларымыздың ерен ерліктері аңыз-жыр болып бүгінге жетті. Еділ, Тұмар ханым, Күлтегін ерліктері түрік халықтарын батырлыққа, қайсарлыққа, бірлікке бастады. Орхон –Енесей жазба ескерткіштері жазуларына үңілсек, «Өз қағаның, өз Отаныңнан қол үзбесең..., өз үйлерінде болып, алаңсыз бақытты өмір сүресіңдер» деп өсиет қалдырған. Білге, Күлтегін басқарған Түркі қағанаты қазақ даласындағы алғашқы мемлекет. Меніңше, «мәңгілік ел» болуға алғаш қадам осы кезде жасалса керек.

Халық даналығының қайнар көзі әдебиетімізге де көз жүгіртсек, небір ақылгөй дана қарттарымыз, данышпандарымыз осы мәңгілік елдікті сақтау, бейбітшілік пен ынтымақтастықты аңсап өткенін көреміз. Дана абыз Қорқыт ата қобызымен заманының үнін зарлы үнмен жеткізсе, Қазтуғанның «Сағыныш» күйі сол мұңды естіртеді.

Бүгінгі таңда ата-бабаларымыздың арман-тілегі орындалып, тәуелсіз ел болдық. Елбасы «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жариялады. Бұл жаңа стратегиялық бағытты жүзеге асыруда тек қазақ халқы ғана емес, қазақ жерін мекендеген, туған топырағым деп егілген өзге ұлттар мен ұлыстардың да ортақ игілігі. Өйткені жарқын болашаққа көз тігіп, тәуелсіз, егемен елімізді «Мәңгілік ел» етуді мақсат қылғандықтан, біздің жетістіктеріміздің маңыздысы – ұлтаралық татулықты одан әрі нығайту, тереңдету.

Қорыта келгенде, Елбасымыздың алға қойған «Қазақстан - 2050» Стратегиясы өз бағытымен жүзеге асса, келешекте біздің Қазақстан дүние жүзіндегі Орта Азия Барыстары мен Еуропа Алпауыттары сияқты күркіреген, жан-жақты дамыған елдер сапынан көретініне кәміл сенемін.

Елім Орта Азия Барысына айналуы үшін мектеп қабырғасындағы үлесіміз – ананың ақ сүтімен бойымызға сіңген ана тілімізді қадірлеп, сапалы білім нәрін сусындап, саналы тәрбие алып, қиялына қанат біткен, ойы ұшқыр білімді жастар болатынымызға сенімдімін.

Елбасымыздың «Қазақстанның болашағы, балалар, сіздердің қолдарыңызда» - деген сенімін ақтаймыз.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Егинбаева Айдана

ЕМК 3курс,Екібастұз қ.

Павлодар облысы

Жетекшісі: Жумашева Роза Жексенбаевна

e-mail: medekb@mail.ru

Тәуелсіз елдің тұғыры биік

Жоспар:

1. Кіріспе

Жаңа ғасырға аяқ басқан жаңа Қазақстан

2.Негізгі бөлім

Тәуелсіздікке қол жеткізудегі оқиғалар.

3.Қорытынды

Қазақстан тәуелсіздігі мәңгілікке.

«Қазақтар талай рет тұтасымен
қырылып,кетуге шақ қалды.
Бірақ өмірге деген құштарлық,
азаттық аңсары еңсесі түскен
елді қайыра түлетіп, қайтадан
тәуекел тұғырына қондырып отырды».
Нұрсұлтан Назарбаев

1991 жылғы оқиға еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Қазақстан әлемге әйгілі мақтан тұтуға беделге ие. Қазақстан Республикасы тәуелсіздікті 1991 жылы 16 Желтоқсанда қабылданды. Бұл тәуелсізлікке жету үшін ата-бабаларымыз ғасырлар бойы күрескен. Еліміздің тәуелсіздігі— бейбітшіліктің бөлігі. Мемлекетіміздің алар асулары өте көп,алайда қазіргі жетістіктеріміз де жетерлік. Мемлекет басшының үздік қатарына кіруге барлық жағдайды жасауда. Әр азамат еркін құқылы - бұл тәуелсіздіктің ең айқын белгісі. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің дамуына барлық жағдайлар жасауда және мен Елбасымызды шынымен «дара тұлға» деп есептеймін.

Мен тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатқаныма мақтанамын және еліміздің дамуына өз үлесімізді қосамыз деп кәміл сенемін, себебі еліміздің болашағы жастардың қолында деп ойлаймын.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Ал күні кеше ғана болған ызғарлы Желтоқсан оқиғасында мұз құрсанып, аяз кешсе де, ақ қарды қызыл қан қылып жатса да қайыспас қайсар мінезі танытқан жастарымыз қазақтың «ешбір дұшпан басынбаған, басынын сөз асырмаған ел» екенін тағы бір дәлелдеді. Нәтижесінде сан ғасырлар бойы ел үшін-елдік үшін, жер үшін-тендік күрескен бабаларымыздың аңсаған армандары орындалып Қазақ елі - Тәуелсіз елге айналды.

Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғына нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикалық жедел қазіргі таңда негізгі бағыт. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіл әлемдегі проблемаларды талқылауда, шешуші рөл атқаратын қатарында. Қазіргі таңда тәуелсіздік – барлығымыз үшін өзгеше қасиеттікүн. Бірліктің ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты. Тәуелсіздігімізді жариялағанынан мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы. Тәуелсіздігіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі. Тәуелсіздік алғандағы алғашқы әрекеттердің арасында мемлекетіміздің ұлттық валютасы-теңгені енгізу, көршілес мемлекеттердің арасында шекарамызды белгілеу болды. Тәуелсіздік жолында еліміз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа және қайнар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар-ел бостандығын қорғау, тарихқа өшпес өнеге болды. Қазіргі Қазақстан егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Қазақстан әлі де жетістіктерге жете алады. Тәуелсіз болу-өз тағдырына жауап беру.

Қысқа тарихи мерзім ішінде Қазақстан атты мемлекет әлемдегі аса қарқынды дамушы елдер қатарына қосылып, халықаралық қауымдастықтың да белсенді мүшесіне айналады. Қазіргі кезде тұрақты даму - Қазақстан үшін негізгі міндет. Дамыған мемлекеттер Қазақстанның болашағына сеніммен қарады. Ал, Қазақстан болса халықаралық қауымдастыққа өзінің бейбітсүйгіш ел екенін, басқа елдермен ашық, әрі өзара тиімді саяси- экономикалық қатынастарға дайын екендігін, өз елінде ұлтаралық келісім мен ішкі ұлттық бірлігін сақтай білетіндігін, демократиялық қоғам құрып жатқан ел екендігіне олардың көзін жеткізе алды. Дербес ел, мемлекет, халық болып, әлем елдерімен терезесі тең мемлекет болу үшін елбасының әр жылғы халыққа Жолдауы арнауы дәстүрге айналды.

Жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық Қазақ елін Тәуелсіз ел ретінде қарсы алды. Елбасы бір сөзінде: «Ата-бабаларымыздың берген осы кең даласын, осы мемлекеттігін қазіргі ұстап отырған қолымыздан жіберіп алу, ол өмір бақи күнә болып саналады. Ал ұстап қалмауымыз тек бірліктің, ынтымақтың ыдырауынан ғана болуы мүмкін» - деген. Осы бір тарихи кезеңнің

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қазақстандықтар үшін қаншалықты маңызды екендігі айтпаса да түсінікті. Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты күш-жігер керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат қажет болғаны белгілі. Өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында ұлт-азаттық көтеріліске шығып, тоталитарлық жүйенің темір құрсауын сетінеткен қазақ жастарының желтоқсан қозғалысы ел тарихының ең қастерлі парақтары ретінде әрқашан жадымыздан өшпек емес. Бұл сөз жоқ, тәуелсіздікке қарай батыл қадам бастап берген оқиға болды.

Ел тәуелсіздігін нығайтып, баянды етуде прокуратура органдарының да қосып отырған үлесі ересен. Осы тұста сәл шегініс жасап, өткенге көз жіберсек, жалпы Қазақстан аумағында прокуратура құрылымы 1922 жылдан қалыптасқан. Кеңес Одағының құрамындағы Қазақстан прокуратурасы, оның ішінде Атырау облысының прокуратурасы ұзақ та, қиын жолдан өтті. Әр заманның саясатына сай заңгерлер де еліне адал қызмет етті.

Белгілі мәліметтерге қарағанда, Қазақ КСР-інің алғашқы прокуроры жерлесіміз Шафхат Бекмұхамедов болған. Сондай-ақ, отызыншы жылдардың басында жерлесіміз Боран Айтмағанбетов те қазақ елі прокуратурасын басқарған. Осылайша, атыраулық заңгерлер еліміздің бас қадағалау органының өркен жаюына сүбелі үлестерін қосқан еді. Қазақстанды жоғары дамыған мемлекеттер деңгейіне жеткізу үшін прокуратура қызметкерлері тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдарында да аянбай еңбек етті. Соның ішінде, прокурорлық қадағалаудың барлық бағыттары бойынша Атырау облыстық прокуратурасы да қызметін абыройлы атқарды және атқарып келеді.

Осы жылдар ішінде Қазақстан еңселі мемлекет болып қалыптасты. Еліміз әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен иық теңестіретін дәрежеге жетті. Еліміздің осындай дәрежеге жетуіне прокуратура органдарының қосқан үлесі өлшеусіз зор. Мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің қалыптасуына, Ата Заңымыздың, өзге де заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының орындалуын қамтамасыз етуде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғап, халықтың арыз-шағымдарын қарауда еңселі белестерден көрініп келе жатқан прокурорлардың иықтарына түсіп отырған жауапкершілік жүгі өте ауыр. Азаматтар құқықтарын жемқорлардың аяққа таптауына жол бермеу, заңдардың қолданылысын үзбей қадағалап отыру, бір сөзбен айтқанда, қоғамда қылмыскерлердің емес, заңның үстемдігін орнату біздің алдымызда тұрған ұлы мақсат болып табылады.

Бүгінде егемен Қазақ елінің көп ұлтты, тату-тәтті, ынтымақ сүйгіш халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі, ең бастысы – бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар. Сол күнге деген берік сенім, жарқын үміті бар деп толық айта аламыз. Әрдайым тәуелсіздігіміз баянды, мемлекеттігіміз мәңгілік болсын!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жеңіс Бақұстар

8 сынып, Аманкелді Иманов
атындағы жалпы орта білім
беретін лицей-мектеп

Павлодар облысы, Май ауданы, Баскөл ауылы
Жетекші: Хайруллина Мадина Дженисовна
e-mail: mkhairullina@mail.ru

Тұғыры биік тәуелсіздік

Халқымның жанына майдай жағатын қасиетті сөздердің бірі – «Тәуелсіздік» екендігіне күмән жоқ. Биыл Тәуелсіздік туының биік тұғырда желбірегеніне - 25 жыл толып отыр. Тәуекелдің кемесіне мініп, төрт құбыламызды түгендеп, тек алға ұмтылудамыз. Бабалар қанының құнына келген қасиетті атажұрт, қастерлі бостандық, киелі елдік, егемендік, бағалы бірлік – бәрі болашақ ұрпаққа қалған ұлағат. Ұлылардан қалған ұлағатты ұлы дүниелердің мұрагері – бүгінгі ұрпақ бізбіз. Тәуелсіздіктің желбіреп тұрған туын болашақта желкілдететін, әнін әуеге әуелететін – бүгінгі ұрпақ, сіз бен біз.

Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіз Республика болып жарияланды. 1992 жылы Біріккен Ұлттар ұйымына мүше болды. Қазақстанның рәміздері шықты. 1993 жылы Қазақстанның Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. Сондай-ақ ұлттық теңгеміз айналымға енді. Санамалап айтуға сөз жетпес, жиырма бес жылда жиырма бес жұлдызды талай игі істер атқарылды.

«Қазақстан» деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен қасиетін осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құранды бөлігі. Қазақ жері, қазақ елі біздің ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып кеткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы.

Отаным Алланың рахымы мен Елбасының кемеңгерлігінің арқасында осындай дәрежеге жетті. Президентіміздің асқан парасаттылығының арқасында Отанымызды қас-қағым сәтте толағай табыстарға жеткізді. Бүгінде ел қуатты, халық жағдайы жақсы, сыртқы қарым-қатынас жылдан-жылға дамып келеді.

Дүниедегі тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халық та жоқ. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз – тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі. Тағдырдың тас қамалын бұзуға, білімді, өнерлі болуға бар күш-жігерімді жұмсаймын. Бүгінгі таңда осындай бақытты, барша әлемге үлгі бола алатын елде тәрбие, білім алып жатқаныма өте ризамын. Еліміздегі осындай жақсы істерді көріп, ішкі жан дүниеммен тамсанып, еркін тыныстап, өзімді бақыттымын деп санаймын.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қаирбек Айдана

10 сынып, «Абай атындағы жалпы
білім беретін орта мектебі» КММ,
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы
Жетекші: Нуркешова Гульжан Оразбековна
e-mail: nurkeshova.gulzhan@mail.ru

Тұғыры биік – тәуелсіз ел!

Тәуелсіздік таң нұрындай шашылған,
Тәуелсіздік ашық аспан басынан.
Қорғаған сол тәуелсіздік тұғырын,
Талай қыршын кетті шіркін жасынан.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет! Осы бір қасиетті де қастерлі ұғымға тұнып тұрған киелі атауды ата – бабаларымыз қаншама жылдар, жылдар емес-ау, ғасырлар бойы аңсамады десеңізші!

Уақыт тіршілік өзегі десек, тіршілік дегеніміз – тынымсыз өзгерістер. Қазақ халқы Тарих деп аталатын өмір толқынында ғаламат өзгерістерді бастан кешіріп, ХХІ ғасыр табалдырығын еңсесі биік ел болып аттағанын мақтанышпен айта аламын. Бүгінгі таңда менің бойымды өз еліме, өз халқыма деген мақтаныш сезімі кернейді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің тұғыры 1991 жылы қаланды. Қазақ елінің тәуелсіз ел боп қалыптасуына біздің қазақ елінің жас қыршын кеткен қырандары үлкен үлестерін қосты. Олар 1991 жылдың 16-18 желтоқсан аралығында қыстың қаһарлы аязына қарамай, Алматы қаласында жастар алаңына көтеріліске шықты. Алматы жастары бүкіл қазақ елі үшін өз жандарын пидә етті. Олар елі, жері, Отаны үшін күресе білді.

Аллаға мыңда бір шүкір! Қазір біз бейбіт те, дарқан елде ғұмыр кешіп жатырмыз. Тәуелсіздігімізді қолға алғанымызға міне 25 жыл боп қалды. Барлық қазақ жұрты боп осы тәуелсіздік төл мерекесін бірге тойламақпыз. Біз кейінгі жастар, ержүрек Қайрат ағамыздай, қайсар да батыл Сабира мен Ләззаттай апаларымызды әрдайым үлгі тұтып, сол аға-апаларымыздың ерліктерін үлгі тутуды жадымыздан шығармау керек.

Өзіндікі-Елің де,
Өзіндікі-Жерің де,
Өзіндікін өзің еткен бақ
Тәуелсіздік-төрінде!

-деп Иран-Ғайып атамыз жырлап өтті емеспе.

Біздің өз еліміз, өз жеріміз бейне бір бұршағын шашқан бұта тәрізді, күннен-күнге арқасын кең жая көркейіп келеді, ал біз сол бұтаға өз

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қолымызбен су құйып, оның өсуін міндетті түрде әр уақытта қадағалап отырамыз. Және де сол бұтаның тамырын тереңге жаюын қалар едік. Еліміз тәуелсіздігін алғалы бері көркейіп, өсіп, жаңара түсуде.

Тәуелсіздік! қандай рухты, жүрекке қандай жылы, жанға жайлы ұғым! Жатсақ түсімізден, жүрсек есімізден кетер емес. «Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып» тұңғыш Президентімізді сайлап, Ата Заңымыз бен рәміздеріміз қабылданып, туған тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, бір қуанышқа бөлендік. Бұл тәуелсіздік Республиканың барлық халықтарына бостандық, еркіндік әкелді. Қазақстан тәуелсіз мемлекет атанған соң, өзінің жерін мол қуанышқа бөледі.

Қазір мен 16 жастамын. Баянды бақытқа бастаған Тәуелсіздігіміз міне 25 жасқа да толып қалыпты. Тәуелсіздігіміз меннен 9 жасқа үлкен болғандықтан, бізге ата-анамыз: ардайым үлкенді сыйлай біліңдер,- деп көкейімізге түйіп отырады, сол себептен де мен біздің үлкендерімізге, елімізге, жерімізге, Отанымызға, тәуелсіздігімізге әрқашан құрметпен қарап, мәртебесін жоғары ұстауды міндет тұтамын.

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді

Тәртеу түгел болса төбедегі келеді», - деп ата-бабамыз айтып кеткендей, барлық Қазақстандықтар бір ауыздан, тек осы бейбіт те, азат елге қызмет көрсетсек, біздің дарқан еліміз тек қана қазақ жұртына ғана емес, бүкіл дүние жүзіне құшағын ардайым кең жаяды. Осындай тәуелсіз мемлекетте 130-дан астам ұлт өкілдері ғұмыр кешіп жатқандығы бәрімізге белгілі. Бұл әрине әуелі Алла, одан кейін елі сүйген, елін сүйген, әрдайым елі деп жүрегі елжіреген елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атамыздың тілеуі деп білемін. Басқа да ұлт өкілдерінің біздің елде өмір сүріп жатқаны тек қана елбасымыздың мерейінің үстемдігінің арқасы болар. Көңіл сыйған жерге бәрі де сыяды деген бір жақсы сөз бар емес пе?! Сондықтан да барлық ұлт өкілдері біздің кішкене ғана Қазақстан мемлекетінде еркін өмір сүруде. Аллама мыңда бір шүкіршілік, тәубе етемін!

Әрбір адам баласының кішкене де болса арманы болатындығы сияқты, қазақ жұртының да бір арманы болатын, ол - әрине егеменді, тәуелсіз мемлекетте өмір сүру. Міне біз осы арманымызға толықтай қол жеткіздік, - деп ауыз толтыра айта аламыз.

Тербетейін тәуелсіздік тал бесігін,
Тербетіп тау суындай төңкерілдім.
Тәуелсіздік тұғырын биіктеткен,
Елімнің үміт артар перзентімін.

Біздің тәуелсіздігіміздің тұғырының ардайым биік болатынына кәміл сенемін. Тәуелсіздік тал бесігін тербейтін ұрпақтарымыздың болашағы жарқын болуын Аллама нәсіп етсін!

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Кайырбаева Жәмила

11 сынып, Жаңа жұлдыз ауылының
жалпы білім беру орта мектебі Павладар облысы,
Железин ауданы, Жаңа жұлдыз ауылы.
Жетекшісі: Аймолдина Зәуреш Алтынбекқызы
e-mail: zhana_zh@mail.ru

Тәуелсіздік жолындағы азап

«Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен,
Беттен қағар желінің есуінен тайсалмауға тиіспіз».
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Қазақстан - алтын күн, жанымызды жарылқайтын жарқын күн. Қазақстан менің берекем, арайланған тәуелсіздік мерекем. Қазақстан деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен қасиетін, осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Біздің ата шежіреміз ғасырлар бойы Ресей тарихының құрамды бөлігі болып келді. Жаңа тәуелсіздік заманда өз халқымыздың тарихын өзіміз жазып, жаңа егемендік ел, халық тұрғысынан жазуға мүмкіндікті алды. Әрине, тәуелсіздікті бізге алуға оңай болған жоқ.

Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқыған болатынбыз. Елім, жерім деп ұрандап, соғысқа қатысып, өзінің жанын қиған батырларымыз болған. Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат та айтулы. Сол кезеңдерді өз кезеңдерді өз туын ұстаған және осы туды желбіреткен бабаларымыз құрметке ие болған жандар. Көптеген қайратты да күші мол батырларымыз, өз елінің абыройын, жерін, болашақ ұрпақтары кепілдікте тұтқында, біреуден зорлық көрмеу үшін және еліміздің ешкімге тәуелді болмағанын қалады. Сол үшін тәуелділікке ұмтылған. Осылардың ішінде Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бар. Олар патшалық Ресейдің озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді. Елім, жерім жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қарсы қадамы үшін басын өлімге тіккен ата-бабаларымыздың тұла бойындағы ерен күші, билік рухтарына әр кез таңданамын.

Аталарымыздың сол қасиеті елге – мұра, ұрпаққа - ұран болып келе жатқаны көрініп тұр. Ұлт - азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен Желтоқсан оқиғалары, соғыстың қатал сынағынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігінің арқасында біздің барлығымыз өмір сүру бақытына ие болдық. Желтоқсан оқиғасы біздің жанымызда. Біз оны көрмегенмен, үлкендер мен апаларымыздың ой-толғаулары бойынша, теледидардағы деректі фильмдерден танып, жақсы білеміз. Желтоқсанның ызғарына тоңып, тас

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қараңғы тас қамалда, Қайрат ағамыздың жазған өлеңдері оқығаныңызда өлеңдері «Мен қазақпын» - деген әрбір жастың, әрбір адамның, жанына күш-қайрат беріп, патриоттық сезімін оятары анық. Желтоқсан оқиғасында көптеген аға-апаларымыз өмірдің түпкі қызығын көрмей-ақ ажал құшқан.

Жыл сайын желтоқсанның 16-да сыныбымызда әрдайым тәуелсіздікке байланысты түрлі тәрбие сағаттары өткізіліп тұрады. Біз оларды ұмытпаймыз. Сондықтан да ата, ағаларымыздың ерліктерін ардақтап, лайықты құрмет көрсету біздің перзенттік парзымыз деп білемін. Халықта мақал бар: «Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады». Біздің халық тарихын ғасырлар бойы жаспен жазып, келеді. Тәуелсіздік жолы - азаматтықтың жолы дейді.

Тәуелсіздік келді, енді бәрі Абай атамыздың айтқанындай, мал табу жолына түсу керек. Біз Тәуелсіздіктен аға ұрпаққа әлеуметтік қорған болуын күтеміз. Басқаша айтқанда, біздің ата-бабамыз аңсаған заман тәуелсіздікпен байланысты. Жаңа ХХІ ғасырға бет алған сәтте нарықты экономиканың күдіретін де көруіміз керек. Біз осындай қоғам жасайтын болсақ қана тәуелсіздік баянды болады. Біз қазақ, ғасырлар бойы жоқты іздеген халықпыз. Біздің жоғалтқанымыз ең асылымыз тәуелсіздік еді. Біз тәуелсіздікті іздеп соқпақпен де, сүрлеумен, жүрдік кейде жолға түсіп те, бірақ тығырыққа тіріле бердік. Осыдан жиырма бес жыл бұрын түскен жолымыз даңғыл болды. Ол тәуелсіздік даңғылы. Тәуелсіздік сапары тәуекелді керек етеді, жол көлігі керек, жол серігі керек, жол азығы керек, асыл жолға тәуекел ету жүрек керек, жол бастайтын көсем керек. Біз тәуекел қайғына міндік, тәуелсіздіктің даңғылы бар жерге түстік. Жиырма жылда басқа халықтар ғасырлар бойы өткен жылдар өттік. Із тәуелсіздік алғанымызға жиырма бес жыл толды.

Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз - тек бір ұрпақтың ғана еңбегі емес, барша ұрпақтардың еңбегі дүниедегі тәуелсіздікті, бостандықты, теңдікті аңсамайтын адам да, халықта жоқ. Басты мұрат – қолымызға қиындықпен түскен тәуелсіздік туына мейілінше бекен болу. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ерен еңбегінің арқасында халқымыз – тыныштықта, отанымыз еркіндікте. Аз ғана жылда аспанымыздың қара түнегі жойылып, ашық жарқын болды. Іргеміз тыныш. Бізде «бақыт» сөзі бар. Менің түсінуімше бақыт мен үшін тәуелсіздік Отынымызда тыныш өмір сүргеніміз.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Макешова Адель

11-сынып, Ж.Аймауытов атындағы ЖОББМ,
Баянауыл ауданы, Ж.Аймауытов ауылы
Павлодар облысы
Жетекшісі: Жумакаева Баян Даутовна
e-mail: adel_makeshova@mail.ru

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл

Менің елім Қазақстан. Мен туған елімнің терең, мұң-қайғыға толы тарихын өте жақсы білемін. Менің халқым қазақ жұрты. Өткен күндердің ауыр қасіретін өз көзіммен көрмесем де, елімнің патриот ұрпағы ретінде елім көрген қайғы мен азапты жүрегіммен сезінемін. Әлемнің ешбір ұлты қазақтардай қайсар, ержүрек, төзімді бола алмас. Себебі, менің халқым жанқиярлықпен өз жерін қорғап қалып, ұрпағына аманаттап кеткен нағыз батыр халық.

Бір жерде тұрлау таппаған,
Қосылмай малы қаптаған,
Бөлініп қонған қазақты
Кімдер де кімдер шаппаған?!
Бағынып бірақ қалмаған,
Тәуелсіз қайран жан далам!
Жер бар ма жалпақ төсінде

Қасірет жасы тамбаған?! - деп ақын К.Ахметова жырлағандай қазағымның кең-байтақ, дархан даласына, шөбі шүйгін, шұрайлы жеріне көз сүзіп, қол сұққандар аз болмады. ХVІІ ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы, одан кейін Ресейдің озбырлығы мен отаршылдығы, одан қала берді көршілес Хиуа мен Қоқан хандықтарының халқымызды титықтай беруі қазақтарды қатты әлсіретті. Алайда, соның бәріне қарамастан еліміздегі ержүрек батырларымыз бен аса білгір әрі ақылды билеріміздің, ел тұтқасын ұстаған хандарымыз бен жерін қызғыштай қорыған киелі халқымыздың арқасында жауларға төтеп беріп, тәуелсіздікке бастар қиын жолмен жүріп өтіп, діттеген межеге жеттік. Әрқашан тарихымызды еске алғанда көкірегімізге өксік тіреліп, көзімізге жас келеді. Өйткені ауыр азапты көрген халқымыз бүгінгі күнге жету үшін талай боздақтарынан, дарынды тұлғаларынан айырылды. Тәуелсіздік елімізге жайдан жай келген жоқ. Сан ғасырлық тарихы бар қазақ елінің өткенін ақтарсақ қазіргі тәуелсіздіктің біз үшін өмірімізден де артық екеніне көз жеткізуге болады.

Қазақстан өз еркіндігіне жетер жолда көптеген көтерілістерге шығуы, патша үкіметінің отаршылдығын тоқтатып, бостандыққа босап шығуға ұмтылысын, халықтың ішкі рухының беріктігін дәлелдейді. Талай

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

көтерілістерді патша үкіметі басып-жаншып отырса да, қазақ жастары намыстарын қайрап, тарихымыздағы отаршылдыққа қарсы көтерілістердің нүктесін қойып, желтоқсанның ызғарына қарамастан үлкен көтеріліс жасап, тәуелсіздікке қол жеткізуіміз үшін жандарын қиды. Нәтижесінде көптеген қазақтың жас студенттері қаза болды, сотталып, түрмеге жабылды, оқу орындарынан шығарылды. Алайда, араға жылдар салып, әділетсіздік пен отаршылдықтың түбіне балта шабылып, еліміз көптен күтіп, аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізді.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланды. Қазақстанның елбасы боп Н.Ә.Назарбаев сайланды. Еліміздің шекарасы бекітіліп, дүниежүзілік саяси картада Қазақстан атты жаңа мемлекет орын алды. Көк туымыз желбіреп, әнұранымыз шырқалғанда барша қазақ елі оң қолдарын жүректеріне қойып, бәрінің алдында тік тұратындай дәрежеге жетті. Күллі қазақ халқының қуанышында шек болмады. Бабалардың аңсағаны орындалып, рухтары жай тапқандай болды. Ең алғаш Қазақстанның тәуелсіздігін АҚШ сияқты ірі мемлекет, одан кейін көрші Қытай елі, содан соң Ұлыбритания мойындады. Тәуелсіздік алғаннан соң көп ұзамай көптеген елдер біздің мемлекеттің тәуелсіздігін мойындап жатты. Биік дәрежеге көтерілген еліміздің бұл құдіреттілігі еркіндікті ата-бабалары үлкен күрес нәтижесінде алып беруінде болуы керек. Тәуелсіздік еліміздің басты байлығы, негізі әрі күш қуаты. Оны бізге, яғни қазақ атты қайсар халықтың ұрпағына аманаттап кеткендей көрінеді. «Аманатқа қиянат» келтірмейтін көреген халқым мықты елбасының, байлыққа толы жеріміздің арқасында алға басып отыр. Қазақстан жерінде мол пайдалы қазбалар қоры бар. Табиғаты да әсем болып келген елге қызықпаған мемлекет жоқ. Алайда, бүгінгі таңда біз тәуелсіз, азат, еркін мемлекетпіз. Сондықтан табанымыздың астындағы байлық пен жер үстіндегі әсем табиғаттың бәрі қазақтарға тиесілі. Ендігі үміт болашақ ұрпақта. Елімізді одан әрі көркейтіп, гүлдендіре түсетін бүгінгі ұрпақ деп нық сеніммен айтуға болады. Ол үшін қазақ жастарына өткен уақыт кезеңіндегі батыр ата-апаларымыздың ізбасарлары ретінде қарап, оларға ұлттық сана-сезім мен патриоттық тәрбиені жастайынан үйретсек тұғырлы, қуатты мемлекеттің негізін қалаймыз.

Биылғы жыл қазақтың барша әлемге атойлатып, дүбірлетіп тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлайтын жыл. Сонымен қатар, сол тәуелсіздік жолында құрбан болған азаматтарымызды ұмытпай, орны толмас қазаларға қабырғамызды қайыстырып, өкінішпен еске аламыз. Әрбір жылдағы тәуелсіздік күнінде осы күнге жеткізген батырларымызды еске алу, оларға Құран бағыштау және олардың аманаты - туған жерімізді көзіміздің қарашығындай сақтау біздің парызымыз!

Қорытындылай келе, сөзімді Ә.Сәрсенбаевтің мына өлең жолдарымен аяқтаймын:

Сенен артық қасиет жоқ-ты, жер, тегі,

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сен ұрпақтың күліп атар ертеңі,
Тағдырыңды тапсыр маған, туған жер,
Көркейтуге міндеттімін мен сені.
Еліміздің тәуелсіздігі мәңгілік болғай, ағайын!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Мейрам Айнұр

ІІІ. Айманов атындағы жалпы орта білім беру
мектеп-интернатының 9ә-сынып оқушысы
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл селосы
Жетекшісі: Альжанова Кенжегуль Балтажановна

Мен - Қазақстан Республикасының патриоты!

Қазақстан-атамекен,жер анам,
Ата-баба өсіп өнген кең далам.
Қазақстан сенде туып, сенде өстім,
Қарыздармын сол үшін де мен саған.
Қазақстан-туған жерім,киелім,
Қасиетінді қастерлеп басымды иемін.
Табиғаттың-тұнып тұрған қазына,
Соның бәрін аялаймын, сүйемін.

Әрбір қазақпын деген азамат, ол өз елінің патриоты болуы тиіс деп ойлаймын.Сол сенімді мен де өзімді патриотпын деп толық айта аламын. «Отан отбасынан басталады» демекші, мені кішкентай күнімнен мектепке бермей тұрып-ақ маған әнұранды жаттатқызып, Отан дегеніміз не екенін, әнұранымыз, елтаңба, ту туралы, олардың мемлекет үшін маңызы қандай екенін ұғындырып өсірді. Осылайша менің туған Отаным деген алғашқы патриоттық сезім ұялап, қалыптасты. Қазірде халқымыздың өткен тарихы мені қатты қызықтырыды.Менің ойымша, әрбір қазақ өзінің тарихын білу қажет және әрбір үйде қазақтың қара домбырасы болса, мәдениетін ардақтаса, салт-дәстүрін дәріптесе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Конституциясын білсе, нағыз елінің патриоты болар еді. Бұның бәрі біздің ұлтымызға деген сүйіспеншілік, оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес екендігін білдіреді. Егер маған қазақ тілінде ақпарат бере алмайтын орта болса, ана тілінде жауап қатуды талап етуші едім. Бұл менің өз тіліме деген құрметім. Патриоттық ұғымымызда еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілік шектеліп қоймайды. Ол қазақ халқына тән барлық құндылықтарды құрметтеу болып табылады. Қазақ халқының ұғымында туған жерден қасиетті ешнәрсе жоқ.Туған жердің тұнық суын ішіп, жұпар ауасын жұтқан әрбір адамның туған топырағына деген сезімі ерекше болса керекті. Қазақ халқы ел болып бірігу, ұлт болып ұйысу жолында талай белестерден өтті. Қазақстан егеменді ел атауына Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлының қосқан үлесі зор. Қазақстанды мекендеген барлық ұлттардың мәдениетін көркейтіп бірлігі мен ынтымағы жарастырып отырған ұлы тұлға. Елбасымыз әрдайым халықпен бірге өз халқына үлкен қамқорлық көрсетеді.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Елбасы Қазақстан халқына жолдауында «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүрген артық. Өйткені, өз жерінде өзін жақсы сезінеді. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» - деді. Ел президентінің бұл сөзі жастарға серпіліс беріп, оларға үлкен сенім артатының дәлелі. Елім,жерім, тілім,дінім деген әрбір қазақты патриот дейміз. Қазақстанның тарих қойнауында жатқан сырлары мол тылсым күштер – біздің баға жетпес байлығымыз. Қазіргі уақытта жас жеткіншектер, жас ұрпақтар бойына халқының қадір-қасиетін сіңіріп, өз ана тілін жетік меңгеріп, ұшқыр да шешен сөйлеуге баулып, қасиетті ана тілін қастерлеуге, құрметтеуге тәрбиеленсе екен. Туған елін, жерін, Отанын сүйеге, жеріне, ұлтына, Отанына деген патриоттық сезім қалыптастыруға, ұлттық салт-дәстүрді, еліміздің мақтаныштарының үлгі өнегелерін құрметтеуге, білуге бейімделсе екен деп тілеймін. Сонда ғана әрбір қазақ Қазақстан Республикасының ұланы, патриоты болып талай биіктерге шығып, талай белестерді бағындырар еді деп ойлаймын.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Нуртазина Назгүл

11 – сынып, Қоскөл жалпы орта білім беру мектебі,

Павлодар облысы, Ертіс ауданы,

Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Беспәева Айсұлу Оразқызы

е – mail: taamb@mail.ru

Тәуелсіздік ата – бабам аңсаған!

«Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,

Неңдей күйге жүрегімді бөледің.

Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,

Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім».

Қасым Аманжолов

Егемен еліміздің тәуелсіздігі – ата-бабамыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс. Ежелден еркіндік аңсаған азат халқымыз тәуелсіздігінің жиырма бес жылын тойламақ. Тәуелсіздік атты қасиетті ұғымның тереңіне үңілсек, ата – бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл арманы мен мұратын, азаттық жолында құрбан болған талай боздақтың ұрпаққа қалдырған аманатын жүрегімізбен бойлаймыз.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылдың он алтыншы желтоқсанында Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялады. Қазақ халқы үшін ақ түйенің қарны жарылған мерейлі күннен бері ширек ғасыр уақыт өтті. Тарих үшін жиырма бес жыл көп емес. Ал біздің жас мемлекетіміз үшін бұл жылдар елімізді нығайтуға бағытталған үлкен істерге толы болды. Осы аз уақыт ішінде дүние жүзі Қазақстан елінің тәуелсіздігін мойындады. Еліміз әлемдік қауымдастыққа, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданды. Әр азаматын жігерлендіретін Гимніміз, мақтаныш сезім ұялататын Елтаңбамыз, ерлікке жетелейтін Туымыз, экономикалық дербестігімізді танытатын төл теңгеміз бар. Әлем картасындағы «Қазақстан Республикасы» деген атау еліміздің әр азаматының төл құжаты іспеттес. Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзіндегі барлық елдерге түгел дерлік танылды. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, салт – дәстүрдің, ұлттық сананың тірегі. Тәуелсіздік – орындалған арман.

Қазақ халқы ежелден – ақ үш нәрсені қасиет тұтып өтіпті. Соның бірі Отан мен туған жер екен. Қазақтың біртуар ақыны Қасым Аманжолов:

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Бұл даланы анам жаспен суарған,

Бұл далада атам қолға ту алған.

Бұл далада жылап келіп, уанғам,

Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,

Бұл далада өскен жанда жоқ арман

— деп, Отанға деген жүрек тебірінісін жырға қосып жеткізген. Ақын жырлағандай, менің қасиетті Отаным — Қазақстан Республикасы.

Қазақ халқының қат — қабат тарихының басты мазмұны — азаттық үшін күрес. Елдік пен бостандық үшін күресінің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі желтоқсанға дейін сан ғасырлық шежіресі бар. Ата — бабаларымыз өзінің жанқиярлық пен табандылық күресінің арқасында бірлік — берекесін сақтап қана қоймай, он бесінші ғасырда Қазақ хандығын құруға дәнекер болды. Тамыры тереңде жатқан, ұлан — ғайыр жерімізге көз алартып, сұқтанғандардан ата — бабаларымыз сол жерді қорғап, ұрпақтарына қалдыру үшін бүкіл ғұмырын сарп етті. Ата қоныс үшін, азаттық үшін небір сұрапыл шайқастар өтті. Дербестік үшін күрескен талай боздақтардың жаны қыршыннан қиылды...

Атамекеніміз бізге ата—бабаларымыздан қалған аманат!

Міне, бүгінде біз болашаққа деген жарқын сеніммен алға қарай нық қадам басып келеміз. Егемендіктің ашық аспаны астында алшандай басып, жиырма үш жылды артқа тастадық. Бізді бұл бақытқа жеткізген ата — бабаларымыздың, аяулы арыстарымыздың еркіндік үшін күресте төгілген қаны, солардың жанқиярлық ерлігі!

Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым өмірге, қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,

Айта бергім келеді, айта бергім

— деп Жұбан ақын жырлағандай, біз мәңгі өлмейтін халықтың ұрпағымыз! Ежелден аңсаған еркіндіктің туы жоғары, елдігі берік болсын!

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Октябрат Гулден

7 «А» сынып, Федоровка ОЖББМ,

Качир ауданы, Павлодар облысы

Жетекші: Алтынгужинова Гүлмира Бекешевна.

e-mail: agulmira.75@mail.ru

Ең бірініш бақытым – халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін...

Ал екінші бақытым – тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе Отан дер ем!

Өз елін, кіндік кескен жерін, ананың ақ сүтімен бойыға дарыған туған тілін сүймейтін бұл дүниеде адам жоқ шығар, сірә?! Менің туған елім, қасиетті мекенім – Қазақстан. Даласы қараса көз жетпейтін кең, халқы мерейлі ғажайып өлке. Сол Республикам өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет болып, тәуелсіздік алғанына 25 жыл толып отыр. Тарихи тұрғыдан алғанда, 25 жыл деген көзді ашып жұмғандай уақыт, алайда елімізде болып жатқан оң өзгерістерге көз салсақ, бір дәуірді қамтитын іспеттес. Осы уақыт ішінде ауыз толтырып айтарлықтай көптеген жұмыстар жасалды. Ең алдымен, Тәуелсіздіктің алғашқы жетістігі – халқымыз өз таңдауымен Ел Президентін сайлады, елдіктің басты нышандары айқындалды. Қазақстан Республикасы дүние жүзіндегі бар қазақтардың Отаны болып танылды. Мемлекетіміздің дербестігін білдіретін аспан түстес Туымыз, көк аспанның астында жарқыраған алтын күн, алтын күннің астында – қалықтаған қыран құс. Халықты елдікке, бірлікке шақыратын Әнұранымыз, қазақтың қара шаңырағы, ер қанаты – тұлпар, жарық жұлдыздар орналасқан - Елтаңбамыз. Бұлардың барлығы да тәуелсіз елге сай белгілер.

Туым – теңдігім,
Елтаңбам – елдігім,
Әнұраным – айбыным!

Тәуелсіздігіміздің айғағындай, еліміздің белгісіндей, аспандағы алтын күндей Елтаңбамызды, желбіреген көк Байрағымызды көргенде, әуелеген Әнұранымызды естігенде бойымызды ерекше бір сезім, асқақ рухты ерекше сезім баурайды. Бүгінгі таңда еліміз Әнұранымен айбатты, Елтаңбасымен еңселі, Туымен тұғырлы мемлекет.

Қазақ елінің бүгінгі күнінің өзекті мәселесі – ел қорғайтын саналы да салауатты, сегіз қырлы, бір сырлы, күшіне ақылы сай, патриотты азаматтар тәрбиелеу.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

«Патриотизм» сөзі гректің «Отан» деген сөзінен шыққан. Отан дегеніміз – адамның туып-өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындарымен туратын атамекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы. Адамның жақсы, бақытты өмір сүруі көп жағдайда Отанға деген сүйіспеншілігіне байланысты. Отаны сүйе білген адамда бәрі де: үй-жай да, құрмет те, атақ та, жұмыс та, арман да болады. Туып өскен ауылы, қаласы – адамның кіші Отаны. Өйткені әрбір ауыл, қала бүкіл республикамен тығыз байланысты.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықты сақтау, олардың өзара бірлігін нығайту – басты парызымыз. Ұрпақ тәрбиесі – ұлттың тағдыры. Яғни, өркениетке бет алған егеменді еліміздің ендігі болашағы ұрпақ тәрбиесі деген ұлы міндетпен ұштасып жатыр.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендей, тәуелсіз мемлекетіміздің қолға алып отырған басты мәселелерінің бірі – жастарға жоғары дәрежеде сапалы білім беру.

Менің ойымша, келешекте еліміздегі интеллигенция тобын, ауылшаруашылық мамандарын, дәрігерлер, экономистер, бизнесмендер дайындайтын жоғарғы оқу орындары көбейіп, Қазақстан ғылым жаңалықтарын, жаңа технологияларды кеңінен пайдаланатынына кәміл сенемін. Неге десеңіз, бұл дамудың – бірден-бір көзі. Жаңа технологияның көмегімен біз үлкен жетістіктерге қол жеткіземіз.

XXI ғасыр ақпарат ғасыры, жаһандану ғасыры, Евразиялық қауымдастық ғасыры. Ғасыр еншісіне жататын құбылыстар адамзат өміріне, кез-келген қоғамда қоғамдық сананың дамуы, мәдени, саяси, азаматтық, құқықтық сананың дамуымен тығыз байланысты екені даусыз. Жылдар өткен сайын қоғамның қай саласында болсын ілгерілеушілік, даму сатысының жүріп отыруы – заңды құбылыс. Сол себепті, республикадағы барлық саланы компьютерлендіру ғасыр жаңалығы болып отыр. Осы мақсаттағы бағдарламаға әлем мемлекеттері қызығушылық білдіруде. Келешекте компьютерді барлық салада толық пайдалану еліміздің дамыған елдер қатарына қосылуының бірден-бір кепілі болмақ.

Көреген Елбасы еліміздің тек бүгінін ғана емес, ертеңгі гүлдеген өміріне де ойлы көзбен қарап, «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жасады. Осы стратегиялық бағыттарды жүзеге асыруда қазіргі таңда көптеген жұмыстар атқарылып, айтарлықтай жетістіктер де жеткілікті. Еліміз дамушы елдер үшін үлгі боларлықтай нәтижеге жетіп, 2010 жылы құрамында 56 елі бар «Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына» төрағалық ететін дәрежеге қол жеткізді.

Қорыта келгендегі айтарым, елімнің келешегін табиғаты таңғажайып, экономикалық аймағы нығайған, төл ұлт өкілдерінің саны молайған, ортақ шаруашылық нарқы құрылған, медицина, білім беру жүйесі озат жолға

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қойылған, инновациялық технологиялардың кешенін молайтқан, шет елдермен әр түрлі сала бойынша қарым-қатынасын кеңейткен мемлекет боларына сенімім мол.

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Оразбай Ерқанат

11 сынып, Қоскөл жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар облысы, Ертіс ауданы,
Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Беспаева Айсұлу Оразқызы
е – mail: taamb@mail.ru

Біздің тұңғыш Президентіміз

«Жүректің түріп
құлағын,
Ойланып тағы қарашы.
Кімсің сен, қайда тұрағың,
Енді қайда барасың?»
Омар һайям

Елдің тірегі – Тәуелсіздік. Осыдан отыз төрт жыл бұрын егемендігімізді жариялап, тәуелсіздігімізге қол жеткіздік. Бұл жолда талай ұрпақ сан ғасырлар бойы өз соқпағын танытты. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жетістігі – халқымыз өз таңдауымен ел Президентін сайлады. Оған үлкен сенім артып, орасан міндет жүктеген еді. Елбасымыз халқының сенімін ақтап, еліміздің даму жолында бар күш – жігерін сарп етті. Отанын сүйген, жерін аялаған, анасын ардақтаған, атасын сыйлаған қазағымның жері келер ұрпақ алдында рухы берік, ырысы мен бірлігі, берекесі тасыған ел. Елде болып жатқан игі істер мен бастамалардың басы – қасында көрегендік танытып, басшылық етіп жүрген Президентіміз Қазақстанның дамуы мен өркендеуіне үлкен үлес қосты. Нұрға малынған күн, оның аясында еркін қанат қаққан қыран құс және қазақы ою бейнеленген тік жолақ тудың шашағын ұстап тұрып, Елбасымыз, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, бір мың тоғыз жүз тоқсан екінші жылдың төртінші маусымында: «Мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгілік желбіресін, күніміз мәңгі сөнбесін!», – деген еді.

Бүгінде Қазақстан Республикасы дүние жүзіне танымал беделді мемлекеттерінің біріне айналды. Біздің Президентіміз – барша әлемге танылған, өмір мен еңбектің шытырман жолдарынан өткен, қиындықта шыңдалған, болашақты көрегендікпен саралап, болжай білетін тұлға. Нұрсұлтан Әбішұлының өмірінің өзі – көпшілікке үлгі боларлық өмірбаян. Елбасымыз Алатаудың аясында дүниеге келіп, еңбек жолын туған ауылынан шалғай жердегі Теміртау қаласынан бастап, Қазақстан Магниткасында төзімділік пен табандылықты қажет ететін аса ауыр металлург мамандығынан бастады. Магниткада шыңдалған төзім мен жігер оны ел ағасы дәрежесіне жеткізіп, өмірге білек сыбана араласуына, бүгінгі күнгі мәртебесіне жеткізді.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Әрине, тәуелсіздікке қол жеткізу оңай болмаса, оны баянды ету – одан да қиын шаруа. Бұл бағытта көреген саясат, салиқалы мінез, бұлжымас бірлік керек. Бұрын бір Одақтың құрамында болып, кейін өз алдына ел болған көрші елдердегі қанды оқиғалар мен әр жерде бір бұрқ ете қалатын ұлтаралық қақтығыстардың бізде де қайталануы мүмкін еді. Ондай жамандықтан аулақ болып, қатерлі өткелдерден аман өткенімізге шүкіршілік етеміз. Бұл, ең алдымен, байыпты халқымыз бен көреген Елбасымыздың арқасы деп білемін. Президентіміз көп ұлтты Қазақстан халқын үнемі бірлік пен ынтымақтастыққа шақырып отырады. Елбасымыздың тікелей қолдауымен тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығында жаңа бас қаламыз – Астана Сарыарқа төрінде бой көтерді. Елорданың Арқаға көшуі – саяси – әлеуметтік, экономикалық маңызы зор қадам. Бұл – Президентіміздің біліктілігінің арқасында іске асқан шара.

Тарих көшінің биігінен қарағанда егемендігіміздің отыз төрт жылы аса көп уақыт болмаса да, біздің жас мемлекетіміз үшін үлкен істерге толы болды. Осы жылдары еліміздің бұғанасы бекіп, әлемдік қауымдастық төрінен салиқалы орын иемдене бастадық. Дүниежүзі елдерімен саяси – экономикалық байланысымыз күшейе түсті. Біріккен ұлттар ұйымы мен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық қоғамы сияқты халықаралық қауымдастықтарға мүше болдық. Білікті саясаткер Елбасымыз халқының қатерлі, қыспаққа түспеуін көздеп, екі ұлы держава – Ресей мен Қытаймен өзара түсіністік пен бейбіт өмір сүруді таңдап алды. Орта Азия мемлекеттерімен де тату көршілік қарым – қатынас бағытын ұстанып келеді. Кең – байтақ Қазақстанның ұлан – ғайыр шекарасын да дүниежүзінің ең ықпалды мемлекеттердің басшыларына мойындатты. Қазақстан халқының ынтымағын бекіту мақсатында білікті Елбасымыз Қазақстан халқының ассамблеясын құрды. Болашақта гүлденген Қазақстанды өркениетті елдер қатарына жеткізуді көздеп, «Қазақстан –2050» стратегиялық бағдарламасын құрды. Екі мың он жетінші жылы Президентіміздің бастамасымен елімізде «ЕХРО-2017» дүниежүзілік халықаралық көрме ұйымдастырылып, өткізіледі. Ауқымды шараға жүзден аса елдер қатысады. Бұл шара еліміздің абыройын асырады. «Тәуелсіздігіміздің баянды болуы достықта, дұрыс айқындалған бағыт – бағдарда», – деп түсінген Президентіміздің ойын халқы да қостап, Елбасына сенім артып, қолдау көрсетіп келеді.

Айта берсек, халқымыздың тарихында мақтан етерлік белестер, игі шаралар, бүгінгі тіршілікте ауыз толтырып айтарлық жетістіктер жетерлік. Соның барлығы – Тәуелсіздік туының желбіреуі мен еліміздің Президентінің арқасы. Елбасымыздың «Қазақстан –2050» стратегиялық бағдарламасы өз бағытыммен жүзеге асса, келешекте еліміз дүние жүзіндегі ірі мемлекеттер қатарына қосылады деп кәміл сенемін! Елбасымыз өзінің бір сөзінде: «XXI ғасыр – жастардың ғасыры. Егер жастар отансүйгіш болып өсетін болса, халықтың мемлекетінің, жер – суымыздың тәуелсіздігін сақтап қалатын болса, еліміз, жеріміз өркендеп өседі», – деп бізге үн тастады. Мен Нұрсұлтан

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Әбішұлының сөзін жерге тастамай, болашақта елімнің өркендеуіне өз үлесімді
қосуға тырысамын! Тәуелсіздігіміз баянды, Елбасымыз аман болсын!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сарсенбаева Аружан

9 сынып, Аманкелді Иманов
атындағы жалпы орта білім
беретін лицей-мектеп

Павлодар облысы, Май ауданы, Баскөл ауылы
Жетекші: Хайруллина Мадина Дженисовна
e-mail: mkhairullina@mail.ru

Тәуелсіздікке 25 жыл

«Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба
жолымен алдық деп ойлаймын».
Н.Назарбаев

Менің туған жерім - Қазақстан Республикасы. Бұл бай тарихпен, көне мәдениетпен және ерекше табиғатпен жаралған ұлы мемлекет. Осы тамаша табиғат-ай! Қазақстанның «Швейцариясы» деп аталатын Көкшетаудың қатты қарағайлары, тың жердің алтын егіндері, Ұлы даланың ақшыл бетегесі-барлығы менің Қазақстаным. Туған өлкемнің елі де, жері де ыстық, қалаулы, сонымен қатар аяулы, маңызы зор керемет ел.

Әр Қазақстанның азаматы айрықша күнді есте сақтай отырып, онымен мақтанады. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. 1991 жыл - еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне, 25 жылда өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз уақыт ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда

Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден гөрі әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикамыздың жедел түрде қарқынды дамуы қуанарлық жайт. Бүгінгі Қазақстан - тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіл әлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. «Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 25 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін қаға білді» - деп елбасымыз айтқандай егемен Қазақстанды бүгінде барша әлем танып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің егемендігі мен тәуелсіздігін баянды етті.

Тәуелсіздік алғандағы алғашқы әрекеттердің арасында мемлекетіміздің ұлттық валютасы - теңгені енгізу, көршілес мемлекеттермен шекараны белгілеп алу, Конституциямызды бекіту бар еді. Ата заманымызға сәйкес

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қазақстан және қазақстандықтар ешкімнің жеріне көз салмаса да, өз жерінің бір сантиметрін де ешкімге бермейді. Мұндай істердің орындалуы тарихи ерекше жетістік. Айта берсек 25 жылда жеткен еліміздің жетістігі өте көп. Дегенмен, бұл жетістіктерге жетуде еліміз көп қиыншылықты көргенін есте сақтауымыз жөн.

Өз басым тәуелсіздік алғаннан кейін туылған буынның өкілі бола тұра, бұл Егемендіктің қандай жолмен келгенін өте жақсы білемін. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Мың тоғыз жүз он алтыншы жылдардағы көтеріліс, жиырмамыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы тоталитарлық жүйе, ұлы отан соғысы, мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы жерді дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыржара салды. Талай- талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай өзегі өртенген өкінішті жандар қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз - Қазақстан! Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіз жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды. Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан да ұмытпаймыз. Себебі, бұл тарих. «Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрқашанда жанымызда болғанын қалаймын.

Тәуелсіздік! Тәуелсіздік деген қастерлі сөз екен-ау!

Шыдамадым қапасақа,
Кеңшілікке қаштым.
Көндікпедім матауға,
Асау атша бастым.
Уһ,шырқап,зымырап,
Сұңқардай зулап ұшайын!

Ұшайын! - деп, дүние құндылығы бостандықта екенін Сәкен Сейфуллин атамыз жырлап өтті.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік - барлығымыз үшін естен кетпес ерекше күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі - ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан, бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлу қажет деп ойлаймын. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі.

Қазақстан - қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, сан түрлі ұлттардан құрылған

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

халқымен ерекше екенін естен шығармаған абзал. Осы себепті болашақта еліміздің одан арта көркейіп, дамуына барлық қазақстандық қол ұшын беретін болады.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Төкен Ақерке

ІІІ. Айманов атындағы жалпы орта білім беру
мектеп-интернатының 9ә-сынып оқушысы
Павлодар облысы,
Баянауыл ауданы, Баянауыл селосы
Жетекшісі: Альжанова Кенжегуль Балтажановна

Мен - Отанымның патриотымын!

Мен - патриотпын! Мен Қазақстан Республикасының патриотымын! Мен елімді, жерімді, ұлтымды, қазақ халқын сүйемін! Мен отбасымды, Отанымды сүйемін! Мен дінімді, тілімді сүйемін! Мен Қазақстан Республикасының Туын, Елтаңбасын, Әнұранын құрметтеймін және қадір тұтамын! Мен елімнің аса қымбат осы құндылықтарға деген махаббатыммен мақтана аламын! Мен өзімді Қазақстан Республикасының шын патриоты санаймын! Кез-келген адамды өзінің патриот екенің дәлелдеуге, өз Отанын құрметтеп, өз Отанын сүйіп, отансүйгіштікке тәрбиелейтін ең бірінші ата-анасы. Екінші, он бір жыл бойы білім нәрін сусындатып, алға мақсат қояды үйреткен ол ұстаз. Әрине, Патриот, Патриотизм дегеніміз көп мағына беретін көп сатылы, кең ауқымды ұғым. Бұл бастауыш сыныптан қанымызға енген ұғым. Себебі біз Отан, ел, жер туралы тапқақ жаттап, елді сую, құрметтеу осыдан басталады деп ұғынғанбыз. Әрбір қазақтың деген азамат өзін патриотпын деп есептеуі керек. Қазақ жерінің патриоттары олар тәуелсіз елдің ұрпақтары, яғни біздер. Қазақстанның биік шыңдардан көруіне себепшілер. Қазақ халқының болашағы жастар біздің қолымызда. «Отан отбасынан басталады» демекші, кішкентай күнімнен ата-анам мені елімді мақтан тұтуға, мемлекеттің рәміздерін құрметтеуге, Қазақстан мемлекетіне деген отансүйгіштігімді оятты. Мен ата-анама Қазақстан Республикасының символдарының қандай маңызы бар екенің, Отанға деген алғашқы патриоттық сезім ұялатқаны үшін алғыс білдіремін. Менің Қазақстан Республикасының патриотымын деуіме дәлелім, мен кез-келген жерде қандай жағдайда болмасын мен өзіміздің ана тіліміз - қазақ тілінде сөйлеймін. Өз тарихымды білемін, мәдениетімді жоғары бағалаймын, әдет-ғұрпымды сақтаймын!

Патриот болу ол қиын нәрсе емес, патриот болу ол өзіңнің тіліңмен, дініңмен, еліңнің егемендігіңмен мақтану. Әр адам қазақ халқына адал еңбек жасап, халқы мақтан тұтанындай өмір сүру, міне сол нағыз патриот. Мен Тәуелсіз елдің патриотымын және патриоты болып қала беремін. Әрбір Қазақстанда тұратын азамат өзін патриотпын деп есептеуі керек.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тулегенова Дильназ

7 сынып, «Абай атындағы жалпы
білім беретін орта мектебі» КММ,
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы
Жетекші: Ташенов Канат Шугаевич
e-mail: aktogai_abai@mail.ru

Отан-оттанда ыстық

Менің елім – Қазақстан! Осынау құдіретті сөзді Қазақстан Республикасының әрбір азаматы, асқақ сезіммен, ерекше мақтанышпен айта алады. Сонау Алтайдан, Атырауға созылып жатқан кең байтақ ғажайып өлке бұл - Қазақстан. Осындай аумағы өте үлкен, қойнауы қазынаға толы жерімізге кімдер қызықпады десеңші? Олар қазақ жерін иелік ету үшін, қаншама рет шабуыл жасап, ел тынышын алды. Бірақ бабаларымыздың күш қайратымен, халықтың бірлігінің арқасында, ел өзінің кең байтақ жер, құт мекенінде еркін өмір сүріп жатыр. Қасиетті жеріміздің иесі олардың ұлы ұрпақтары бостандық туын желбіретіп, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өзінің Тәуелсіздігін егемендігін алды. Тәуелсіздікті алу жолында Қазақстан халықтары көпдеген қиыншылықтарды көрді. Ол қиыншылықтар қазір артта қалды. Қазақстан менің - Отаным. Оның астанасы – Астана қаласы елімізде көп ұлттың өкілдері, бірақ біз тату – тәтті өмір сүріп жатырмыз. Отанымды сүйемін мақтан етемін. Қазақстанның жері кең байтақ, табиғи қазба байлығы мол. Еліміздің Елтаңбасы, Өнұраны, Теңгесі, Туы бар. Тәуелсіздікпен бірге өз тіліміз, өз дініміз қайта оралды. Жаңа Астана қаласы туралы әңгіме қозғалса, Н.Назарбаевтың есімі қатар аталады. Себебі: Астана ел басының идеясынан туған қала. Астана бүгінде адам бойына рух құятын әсемдік орталығына айналды. Осындай бақытты өмірді көре алмай кеткен, 1986 жылы желтоқсан оқиғасы кезінде қайсарлық пен ерлік көрсетіп, бірнеше қазақтың ұл – қыздары құрбан болды. Бізге олардың ерлігі үлкен үлгі, өнеге. Биыл Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 жыл толады. Бұл Қазақстанның үлкен мерей тойы. Жыл сайын еліміз өз Тәуелсіздігін тойлайды. Жарқын ғасырдың нақ төріне, жол тартқан, гүлденген, көркейген қазақ жері. Міне, мен бүгінгі Қазақстанды ертеңгі Орта Азия барысына айналғалы отырған елімді, үлкен үмітпен көруге асығамын.

Мен – Қазақстан Республикасының азаматшасымын! Мен қазақ топырағында туып өстім, еліміздің өсіп өнуі үшін, қасиетті Отанымның өркендеп дамуы, гүлденуі үшін ат салысамын. Сүйікті Отаным, жасай бер, мәңгі жайнай бер! Көгімізде бейбітшілік орнасын, бостандық туын желбіретіп, көкке көтерейік!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тәуелсіздік - ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі, сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні - ең қасиетті күн.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Умарова Карина

6 «б» сынып, Железин № 3 мектеп,
Павлодар обл., Железин ауданы
Жетекшісі: Умарова Әсемгүл Естайқызы
e-mail: kfhevfh@mail.ru

Соғыс балалары

Аңыздардан тере жүріп масақты,
Рас, рас көзімізден жас ақты.
Бірақ со бір дауыл жылдар, от жылдар,
Бірімізден бір-бір батыр жасапты...

Өмір біреу. Әр адамның басынан сәбилік кез бен жасөспірімдік, жастық шақ пен ересек шақ өтеді. Бұл өте қызықты жылдар. Өмірдің бұл кезеңдерінде адам баласы көп нәрсені жаңа танып, өмір жолын таңдап, еңбекпен айналысады. Ал... XX ғасырдың басында туылған адам өмірі өлім аузында болды ғой...

Менің жасы бірге жаңа толған және үштен төртке аяқ басқан сіңлім бар. Олардың қылығына отбасымызбен сүйсіне күлеміз. Біз бақыттымыз... олар бақытты. Әкем, анам, мен және жасы тоғыздағы сіңлім қосылып дәмді –тәттіні оларға төрт жақтан тасимыз. Біз де баламыз. Біз де, әрине, бақыттымыз. Отбасымды мен қатты жақсы көремін. Енді айтайын дегенім –осы нәзік сүйіспеншілік сезімі, отбасылық сүйіспеншілік әр уақытта болды ғой. Бір мен сияқты қыз өз сіңлі інілерін дәл мен секілді қатты сүйді. Дәл мен сияқты мектептен келе сала құшақтап көтерді. Ойнады. Анасын құшақтап, әке мейірімін көрді. Дәл мен секілді.... Дәл менің кішкентай сіңлім секілді бала ойнақтап, еркеледі. Тәтті тілімен алғашқы сөздерді былдырлап сөйледі... Осы мейірімге толы бақытты күндер күрт үзіледі деп сонда кім ойлаған?! Жауыз заман! Таңғы алтыда тәтті ұйқыда жатқан баланың ұйқысын солай үзуге қалай ғана қол барды?! Қалай ?! Атып жатқан адам да адам емес пе?! Бала кінәсі нешік? Ана кінәсі нешік?

Соғыста бәріне қиын... ауыр. «Лучше худой мир, чем хорошая война» деп орыс халқы бекер айтпаған. Ұлы Отан Соғысы жайында фильм көрсем де, кітап оқысам да бәрінен аянышты күй - сәби күйі.

Ертеңге жетпек түгел,
Армандап үлгермеген.
Сұм өмір төкпепті нұр,
Күн көзі күлгенменен.
Дұғасын айтатындай,

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тілі де шықпайды оның.
Кәрі емес қайтатындай,
Соны да ұқпады өлім.
Қиын-ау ұрыс көрген
Буыны қатпай жатып,
Қуыпты тыныш төрден
Бақытын қақпайлатып.
Бала боп ойнамапты,
Алаңда жауыздық бар.
Мейірімді ойран атты,
Ешкім жоқ ауыздықтар.
Дүние зырылдады-ай,
Ұқсап тұр дөй ұршыққа.
Бейкүнә ғұмырлар-ай

Айналған ойыншыққа! (Асылбек Жаңбырбай)

Қай кезде болсын балалар-қоғамның ең әлсіз қабаты. Бірақ соғыс балалары жылауды ұмытқан. Соғыс ардагерінің сөзінен "Біздің эшелонды екінші рет бомбалап кеткенде, біз немістердің қолына түстік. Фашистер балаларды жеке, ересектерді жеке құрып қойды. Қорыққандықтан ішкім жылаған жоқ, барлығына шыны көзбен қарап тұрдық. Егерде жыласаң-атып тастайтытын біз білдік. Біздің алдымызда тоқтамай жылаған кішкентай қызды атып тастады. Осылай жай ғана өмірлер сөніп жатты. Фашисттер балаларға ойнап ататын, Бала жұмыс істей алмайды, сондықтан ол қажет емес. Бірақ та лагерлерде балаға да жұмыс табылатын. Мысалы, адам денелерінен қалған қоқымды пакеттерге тігу, ол қоқымды немістер жердің құнарлығын арттыру үшін жерге көмеді екен. Лагерьдегі балалар немістер үшін қан донорлары да болды.

Ата-аналарынан, інілерінен, сіңлілерінен айырылып жатты. Мен соғыс балалары жайында оқыған кейбір кітаптарда менің есімде қалғаны – баланың ата-анасының өлі денесінің басында бірнеше күн отырғандары. Өте аянышты жай. Миға симайтын жай... Қираған үйлер, оқтың зуылдығаны, фронттан келетін «қара қағаздар», ауыр жұмыс... осының бәрін біз елестете де алмаймыз. Бұндайды ештеңемен салыстыруға болмайды. Балалар өлеңдерінің орнына соғыс балалары бомба жарылысын, ашық аспан орнына болмбалайтын ұшақт арды көрді. Балалар ойыншық не екенін білмеді. Қыздар қолы аяғы жоқ қуыршақпен ойнап, ұлдар жарылмаған гранат пен ойнаған. Соғыс баласы 11-13 жастан ересек болып саналды. Анасының көмекшісі, отбасының иесі болып саналды. Оларды кім бақты? Тамағынның іштің бе, жоқ па деп кім сұрады?.. 14-15 жастан бастап балалар заводтарды, госпитальда немесе далада ауыр еңбекпен айнасты. Олар бізден қарағанда күшті болды. Осы балалар соғыста сынған қалалармен ауылдарды қайта көтерді. Қазір олардың алды сексеннің сегіріне жақындап қалса да, ол кезде небәрі жетіден

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

он бес жасқа дейінгі балалар болатын. Осы балалар әкелерін, ағаларын майданға аттандырып салып, елдегі шаруашылық тұтқасын ұстап қалған еді. ...Соғыс кезіндегі аштық кезеңде бала көтеріп, бала көріп, шамасы келгенше асырап-әлдилеген аналарға мың да бір алғысымды білдіремін! Ал қазіргі тоқ уақытта өз әлдиін өлімге қиған «аналарға» не көрінді?! Бұл , әрине, басқа шығарманың тақырыбы...

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Хуаныш Бақытгүл

ІІІ. Айманов атындағы жалпы орта білім беру
мектеп-интернатының 9ә-сынып оқушысы
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл селосы
Жетекшісі: Альжанова Кенжегүл Балтажановна

Мен тәуелсіз елдің ұланымын!

Елжандылық, отаншылдық тақырыбын тілге тиек еткенде Отанға, туған мекенің мен өскен ортаңа деген сүйіспеншілік жүрегінде бірге лүпілдеп тұрады. Бұның себебі: Отан-сенің бүкіл тағдырың, жаратылысың, сырың, жаның. Бұларсыз мен жоқпын. Өзіңнің отбасыңа, шаңырағы биік үлкен Отаныңа, елің мен жеріңе, туған жер топырағына, өскен ортаңа деген сүйіспеншілік мәңгі өшпеу керек.

Нағыз патриот - бойында дұрыс тәрбиесі бар, адамгершілігі мол, достыққа, еңбекке адал, «адам» деген ардақты есімді ақтай алатын кісі.

Мен - елдің ұланымын! Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1991 жыл - еліміздің “Қазақстан” деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне, бірталай аса уақыт өтті. Қазіргі Қазақстан әлем сахынасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяқтан тік тұруы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Бүгінгі таңда еліміздің жетістігі өте көп. Дегенмен бұл жетістіктерге жетуде еліміз көп қиыншылықты көргенін ұмытпағанымыз жөн. Өз басым тәуелсіздіктен кейін туылған буынның өкілі бола тұра, бұл егемендіктің қандай жолмен келгенін білемін.

8 сынып, Аманкелді Иманов
атындағы жалпы орта білім
беретін лицей-мектеп
Павлодар облысы, Май ауданы, Баскөл ауылы
Жетекші: Хайруллина Мадина Дженисовна
e-mail: mkhairullina@mail.ru

Тәуелсіз елім – тірегім!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

«Тәуелсіздік- тарихтың мәңгіге берген еншісі емес,
халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген
кепілдік те емес: аңғал болмағанымыз абзал»

Нұрсұлтан Назарбаев

Менің туған жерім – Қазақстан Республикасы. Бұл – бай тарихпен, көне мәдениетпен және әдемі, ерекше табиғатпен толы ел. Көбі мемлекетіміздің әсем тауларына, көлдеріне таңқалады. Әсіресе, біздің туған өлкеміз – Бурабайды, аңызға толы көркем жерді халық көріп кетуге армандайды. Ғасырлар бойы қазақ хандары және батырлары жерімізді жаулардан қорғаған. Олар қан мен тер төгіп, аяулы еліміз үшін өз өмірлерін де берген. Жоңғарлардың шапқыншылықтары, Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін өте қиын болды. Алайда бар қиындықты жеңе білген халық, тәуелсіздікке қол жеткізді.

Қазақстанның әр азаматы 1991 жылғы 16 желтоқсан күнін есте сақтауға міндетті. Бұл күні Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алды. Осы күнді ата-бабаларымыз ұзақ уақыт бойы күткен армандары орындалды. 1991 жыл – еліміздің Қазақстан деген апен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне, 25 жыл өте шықты. 25 жылдың ішінде еліміз үлкен белестерден өтті. Аспанымызда көк туымыз желбіреп, алаш баласын бір шаңырақ астында біріктіріп, жүрегі қазақпын деп соққан азаматтарымыз өз үлесін қосуда.

Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Қазіргі Қазақстан – егемен демократиялық және дамыған мемлекет. Жас буынға Елбасымыз жан-жақты мүмкіндіктер беруде. Өз елімізде, шет елде болсын білім алуымызға мүмкіндіктер бар. «Өз елім – өлең төсегім» демекші кезкелген Қазақстан азаматы өз еліне қызмет жасауы қажет. Біздің албасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – адал, дана адам, өте қамқор. Ол еліміздің дамуына, көркеюіне көп күш салып жатыр. Бұл кісінің арқасында қазақ халқының көп мүмкіндіктері пайда болды. өзіміздің мемлекеттік рәміздеріміз бар: ту, елтаңба, әнұран. Олар тәуелсіздікті, егемендікті, дәстүрлерді, бейбітшілікті көрсетеді. Тәуелсіздік – бүгінгі күннің өмірі ғана емес, сонымен қатар, еліміздің болашағы.

«Әр адамның ана тілін білуі – парыз, білмегені ұят», - деген Нұрсұлтан Әбішұлының сөздеріне сүйінуіміз керек. Себебі, әр адам өз елінде тұрып, туған дәстүрін, мідениетін, ал басты – тілін білуі керек. менің ойымша, қазаққа ата-бабалары ғасырлар бойы құрастырған, қасиеттеген туған тілін білмеу, құрметемеу – өте арыз, намыссыз, төмен, әрі ұят. Туған тілін үйрене алмаған адам, басқа тілді де ешқашан меңгере алмайды деп ойлаймы.

Ана тілің - арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Өз тілінді құрметте , - деп Қадыр Мырза Әли жырлағандай.
«Тіл бар жерде ұлт бар» қазақ халқы бар болса, еліміздің тәуелсіздігі де баянды болады.

«Барлық игіліктердің ең ұлы - тәуелсіздік», - деп Годвин айтқандай, біз тәуелсіздігімізді сақтап, құрметтеп, онымен мақтануымыз керек. Өйткені көптеген халықтар өз елін, жерін, тілін, дінін қайтаруды армандайды. Бізде оның барлығы бар. Тәуелсіздігіміз баянды, жас ұрпағымыз тәрбиелі, барша халық бақытты ғұмыр кешсін.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Шайкенова Нұрсауле

ІІІ. Айманов атындағы жалпы орта білім беру
мектеп – интернатының 10 – сынып оқушысы.

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.

Жетекші: Жакина Тұрсынай Омирзаковна

Тәуелсіздік-тұғырым...

« ...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін».

(Н.Назарбаев)

Мен шығармамды Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтің сөзімен бастағым келіп отыр. Елбасымыз айтқандай біздің еліміз егемендікті алып, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қаншама қиындықты бастан өткеріп, ең қиын белестерден аса білді. Еліміз талай сынды бастан кешірді.

Тәуелсіздік біздер үшін киелі де қымбат ұғым. Ол-ата-баба арманы, желтоқсан көтерілісіне шыққан жастардың тілегі. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Қазақ халқының небір қайтпас қайсар батырларының жасаған ерліктерін оқулықтардан оқып білудеміз. Елім, жерім деп жаудан ұлтарақтай жері үшін, небір қазақтың батырлары өз өмірлерін қиып, қанды шайқастарда қаза болды. Біз үшін қай замандағы тарихымыз болмасын қымбат, айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларымыздың барлығы да құрметті. Исатай, Махамбеттер патшалық Ресейдің озбыр саясатына қасқайып қарсы тұра білді. Сан зұлматты өткерген еліміз ұлт-азаттық көтеріліске келгенде де тосылып қарап қалған жоқ. Бұл күрестер азаттық үшін өткен сан күрестің соңы емес еді. Елін, жерін жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қарсы қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рухқа әр кез таңданамын. Аталарымыздың сол қасиеті елге - мұра, ұрпаққа - ұран болып келе жатыр. Ұлт –азаттық көтерілістер, Ұлы Отан соғысы мен желтоқсан оқиғалары, соғыстың қатал сынағынан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында, біздің барлығымыз өмір сүру бақытына ие болдық.

Желтоқсан оқиғасы біздің жадымызда. Біз оны көрмегенмен, үлкендер мен апайларымыздың айтулары, теледидардағы деректі фильмдерден жақсы білеміз. Алматының алаңында өткен желтоқсан қырғынының жазықсыз жаласына ұшыраған «қасқалдақтай қаны, бозторғайдай жаны» бар жанкешті

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

жаужүрек жас Қайраттай ағаларымыз болды. Қайрат, Ләззат сияқты аға-апаларымыздың желтоқсанның ызғарында жасаған ерліктерімен, олардың аттарын атамай кетпеуге болмайды. Желтоқсанның ызғарына тоңып, тас қараңғы тас қамалда, Қайрат ағамыздың жазған өлеңдерін оқығаныңызда өлеңдері «Мен қазақтың» деген әрбір жастың, әрбір адамның, жанына күш-қуат беріп патриоттық сезімін оятары анық

Желтоқсанда да өрімдей аға-апаларымыз жас өмірлерімен қоштасқан. Жыл сайын желтоқсанның 16-да сыныбымызда әрдайым тәуелсіздікке байланысты түрлі тақырыптарда тәрбие сағатын өткізіп тұрамыз. Азаттық үшін өрімдей жас аға-апаларымыз өмірлерімен қош айтысқан Сол себепті олардың ерліктерін ардақтап, лайықты құрмет көрсету - біздің перзенттік парызымыз деп білемін. Бізге олардың есімдерін өмір бойы жадымызда сақтап, оларға құрмет көрсетіп өтуіміз де артық етпейді. Себебі олар құрметке әбден лайықты жандар.

Менің елім - Қазақстан! Осынау құдіретті сөзді мен мақтанышпен айта аламын. Мен еліміздің болашағы жарқын болатындығына кәміл сенемін. Біздің еліміз әлі талай белестерді бағындырып, еңсесі биіктеп, талай жетістіктерге жетеді.

Елімнің келешегін ойлағанда жүрегім қорықпайды, қайта қуанады, себебі еліміздің болашағы нұрлы болмақ. Мен егеменді елімнің болашағын биік белестерге апаратын азаматша болуға тырысамын.

Көк байрақ иілмесін, жығылмасын,
Көзге жас, кеудеге өксік тығылмасын
Тұрғанда көкшіл туың көкті тіреп,

Қазағым сен қашанда тұғырдасың, - деп Ербол Шаймерденұлы жырлағандай, тұғырың биік, мәртебең асқақ, бақытың мәңгілік болсын деймін, менің сүйікті отаным – Қазақстан.